

**«Ақтөбе облысының білім басқармасының Мәртөк аудандық білім бөлімі» ММ
№4 Мәртөк жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
өзін-өзі бағалау нәтижелерінің қорытындысы**

Мәртөк ауылы

29.08.2024ж

Б.Майлин көшесі 59 В

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі-Заң) 59 бабының 4-1 тармағын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы», «№4 Мәртөк жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің 2024ж.29.08 күнгі педагогикалық кеңес шешімі 2024 ж 01.08 № 189 бұйрығының негізінде 02-27.09 аралығында мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылып өткізілді. Өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізуде 2024 ж 01.08 № 189 бұйрығымен бекітілген комиссиясымен келесі құрамда өткізіледі.

1	Абдуллина Бакытгул Аманжоловна	мектеп директоры, комиссия төрайымы
2	Канатбаева Гүлназ Темірбекқызы	директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
3	Кубенов Болат Ақлбекович	директордың ғылыми-әдістемелік жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
4	Баймуратова Асел Аманбаевна	директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
5	Бекбатырова Гулсим Мусаевна	Физика пәні мұғалімі, комиссия мүшесі

Комиссия құрамы мектептің өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп, білім беру ұйымын бағалау өлшемшарттарына сай берілетін білім беру қызметінің сапасының Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру (МЖМБС) стандарттарына сәйкестігін зерделеп талдады.

1.Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы

Білім беру ұйымының аталуы, орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен-жайы)

«Ақтөбе облысының білім басқармасының Мәртөк аудандық білім бөлімі» ММ-нің № 4 Мәртөк жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі 030600, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Мәртөк ауданы, Мәртөк ауылы, Б.Майлин көшесі 59В.

Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт)

Телефон: 8 (71331) 72-4-17.

Электронды почта: 4_mosh@mail.kz; сайты: <https://sosh-4.martuk.edu.kz>

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының ФАӘ және лауазымға тағайындау бұйрығы туралы деректер)

Абдуллина Бакытгул Аманжоловна, «Мәртөк аудандық білім бөлімі»ММ-нің 2022 жылғы 22 тамыз №128 бұйрығымен мектеп директоры болып тағайындалған.

ұялы телефоны: 87077487990

Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2019 жылғы 30 қаңтарда берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 20.12.2006 жыл, БСН-061240001385. Құрылтайшысы: «Мәртөк ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Мектеп жарғысы Ақтөбе облысының қаржы басқармасының 17 шілде 2024 жылғы №К-202 бұйрығымен бекітілген.

Рұқсат етуші құжаттар

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асыру туралы хабарламаны қабылдау талоны 07.10.2022 жылы №KZ09RVK00041259 берілген.

«Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі» мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтерге сәйкес келеді. Мектеп білім беру қызметін Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 19.02.2021 жылғы білім беру қызметімен айналысуға рұқсат берген №KZ54LAA00024352 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырады. Лицензияға қосымшада лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі (түрлері) бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру көрсетілген.

2.Кадрлық құрамға талдау

Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтер туралы мәліметтер;

2022-2023 оқу жылы. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшартына сәйкес талдау үшін ұсынылған құжаттар тізбесін зерделеу барысында 2022-2023 оқу жылында мектептің апталық жүктемесіне сәйкес 55 педагог (оның ішінде 1 тәлімгер, 1 психолог, 1 МАД) жұмыс атқарады. 55 педагог ішінде: санаты жоқ -13, екінші санатты -0, бірінші санатты -0, жоғары санатты -0, «педагог-модератор»-20, «педагог-сарапшы»-13, «педагог-зерттеуші»-9, «педагог-шебер» – 0. Жоғары санатты педагогтердің үлесін қосқанда сапалық құрам - 40 %.

Бастауыш сыныптарда оқу жоспарындағы оқытылатын пәндері бойынша сабақ беретін педагогтер саны (бастауыш мұғалімдері) – 8 . «Педагог» – 1, «педагог-модератор» – 1, «педагог-сарапшы» – 2, «педагог-зерттеуші» – 4. Бастауыш сынып бойынша сапалық құрам – 75 %-ды құрап отыр.

«№4 Мәртөк ЖОББМ» КММ-де педагогтер саны – 56, оның ішінде тиісті бейіні бойынша жоғары педагогикалық білімі бар педагогтер – 53. Магистр дәрежесі бойынша -6 педагог, ал арнаулы орта білімі бар педагогтер саны – 3. Сапалық құрам – 95%.

Негізгі орта, жалпы орта білім беру сыныптарында оқу жоспарындағы оқытылатын пәндеріне сәйкес сабақ беретін педагогтер саны – 44. Оның ішінде, «педагог» – 11, екінші санатты – 0, жоғары санатты – 0, «педагог-модератор» – 17, «педагог-сарапшы» – 11, «педагог-зерттеуші» – 5, «педагог-шебер»–0. Негізгі орта және жалпы орта білім беру педагогтерінің жалпы санының сапалық құрамы – 36,4 %-ды құрайды, талапқа сай деп бағаланады.

2023-2024 оқу жылы. “Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 14 шілдедегі № 339 бұйрығы негізінде білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға

сәйкестікті растайтын құжаттар тексерілді. Мектептің педагогикалық ұжымының сапалық және сандық құрамының талдауы мектептің қажетті оқу – педагогикалық потенциалымен толық қамтылған. Мектепте Қазақстан Республикасы мемлекеттік стандартымен қарастырылған барлық пәндер жүргізілген. Педагогтердің жеке іс-құжаттары, еңбек және санитарлық кітапшалары талапқа сай келеді. 2023-2024 оқу жылында мектептің апталық жүктемесіне

сәйкес 55 педагог (оның ішінде 1 МАД, 1 әлеуметтік педагог, 2 психолог, 1 ұйымдастырушы педагог). 55 педагог ішінде: санаты жоқ – 15, екінші санатты – 0, бірінші санатты – 0, жоғары санатты – 0, «педагог-модератор» – 22, «педагог-сарапшы» – 10, «педагог-зерттеуші» – 8, «педагог-шебер» – 0. Жоғары санатты педагогтердің үлесін қосқанда сапалық құрам 33 %.

Бастауыш сыныптарға сабақ беретін (бастауыш мұғалімдері) – 9 мұғалім. Оның ішінде – «педагог-зерттеуші» – 3 мұғалім, «педагог-сарапшы» – 2 мұғалім, «педагог-модератор» – 3 мұғалім, педагог-1 мұғалім (жас маман). Сапалық құрам – 56 % құрап отыр. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша жалпы білім беретін мектептер үшін - 35%-дан кем болмауы тиіс. Талапқа сәйкес келеді деп бағаланады.

Негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы, яғни 5-11 сыныптарға сабақ берген пән мұғалімдері – 41. Оның ішінде – жоғары санатты – 0, екінші санатты – 0, «педагог-шебер» – 0, «педагог-зерттеуші» – 5 мұғалім, «педагог-сарапшы» – 8, «педагог-модератор» – 18 мұғалім, педагог -10 мұғалім. Сапалық құрам – 32 % құрап отыр.

2024-2025 оқу жылы. Мектептің апталық жүктемесіне сәйкес 56 педагог (оның ішінде 1 МАД, 1 әлеуметтік педагог, 2 психолог, 1 ұйымдастырушы педагог, 1 дефектолог-логопед). 56 педагог ішінде: санаты жоқ – 13, екінші санатты – 0, бірінші санатты – 0, жоғары санатты – 0, «педагог-модератор» – 23, «педагог-сарапшы» – 10, «педагог-зерттеуші» – 10, «педагог-шебер» – 0. Жоғары санатты педагогтердің үлесін қосқанда сапалық құрам 36%.

Бастауыш сыныптарға сабақ беретін (бастауыш мұғалімдері) – 10 мұғалім. Оның ішінде – «педагог-зерттеуші» – 4 мұғалім, «педагог-сарапшы» – 2 мұғалім, «педагог-модератор» – 3 мұғалім, педагог-1 мұғалім (жас маман). Сапалық құрам – 60 % құрап отыр. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша жалпы білім беретін мектептер үшін - 35%-дан кем болмауы тиіс. Талапқа сәйкес келеді деп бағаланады.

Негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы, яғни 5-11 сыныптарға сабақ берген пән мұғалімдері – 40. Оның ішінде – жоғары санатты – 0, екінші санатты – 0, «педагог-шебер» – 0, «педагог-зерттеуші» – 6 мұғалім, «педагог-сарапшы» – 8, «педагог-модератор» – 19 мұғалім, педагог -7 мұғалім. Сапалық құрам – 35 % құрап отыр. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша жалпы білім беретін мектептер үшін - 35 %-дан кем емес, талапқа сәйкес келеді деп бағаланады.

Мемлекеттік білім беру ұйымы басшыларының үш жылда бір рет аттестаттаудан өткендігі туралы мәліметтер;

2022-2023, 2023-2024 оқу жылы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 533 бекітілген бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдары басшыларының орынбасарлары – осы Қағидалардың 4-тарауының 2-параграфына сәйкес кезекті аттестаттаудан өткізілген.

Аты-жөні, тегі	Лауазымы	Жалпы еңбек өтілі	Пед. еңбек өтілі	ББҰ басшысының орынбасары лауазымындағы еңбек өтілі (бар болса)	Санаты
Абдуллина Бакытгул Аманжоловна	мектеп директоры	23 жыл	23 жыл	1 жыл	басшы-менеджер №183 бұйрық, 25.05.2022 ж. педагог-сарапшы №369 бұйрық, 11.09.2023 ж.

Канатбаева Гүлназ Темірбекқызы	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	15 жыл	15 жыл	2 жыл	педагог-сарапшы №463 бұйрық , 20.12.2021 ж.
Баймуратова Асель Аманбаевна	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	18 жыл	8 жыл	7 жыл	ББҰ басшы орынбасары: "үшінші біліктілік" санаты №248 бұйрық, 25.12.2021 ж.
Кубенов Болат Аклбекович	Директордың ғылыми- әдістемілік ісі жөніндегі орынбасар	19 жыл	19 жыл	5 жыл	педагог-сарапшы №927 бұйрық, 13.12.2019 ж. ББҰ басшы орынбасары: "үшінші біліктілік" санаты №248 бұйрық, 25.12.2021 ж.

2024-2025 оқу жылы. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Баймуратова А.А. жұмыстан шығып, орнына Байторысай ЖОББМ директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Демегенов Танат Жеткербаевич конкурс негізінде алынды.

Аты-жөні, тегі	Лауазымы	Жалпы еңбек өтілі	Пед. еңбек өтілі	ББҰ басшысының орынбасары лауазымындағ ы еңбек өтілі (бар болса)	Санаты
Абдуллина Бакытгул Аманжоловна	мектеп директоры	23 жыл	23 жыл	1 жыл	басшы-менеджер №183 бұйрық, 25.05.2022 ж. педагог-сарапшы №369 бұйрық, 11.09.2023 ж.
Канатбаева Гүлназ Темірбекқызы	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	15 жыл	15 жыл	2 жыл	педагог-сарапшы №463 бұйрық , 20.12.2021 ж.
Демегенов Танат Жеткербаевич	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	12 жыл	12 жыл	2 жыл	педагог-сарапшы №430 бұйрық, 02.09.2024 ж.
Кубенов Болат Аклбекович	Директордың ғылыми- әдістемілік ісі жөніндегі орынбасар	19 жыл	19 жыл	5 жыл	ББҰ басшы орынбасары: "үшінші біліктілік" санаты №248 бұйрық, 25.12.2021 ж. педагог-сарапшы №927 бұйрық, 13.12.2019 ж.

Көрсетілген кестеге сәйкес басшы орынбасарларының үш жылда бір рет аттестаттаудан 2 педагогтің өтпегендігі анықталды. Ол Канатбаева Г.Т., Демегенов Т.Ж. басшы орынбасары ретінде еңбек өтілі үш жылға толмағандықтан ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына (өзгерістер мен толықтырулар енгізілді) сәйкес аттестаттаудан өткізілмеді.

Кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы мәліметтер;

Кемінде бес жылда бір рет біліктілік санатынның деңгейін арттыру/растау "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 13317 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылған.

2022-2023 оқу жылында аталған бұйрыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне байланысты біліктілік санатын беру немесе растау 2023 жылдың көктемінде өтініш берілген. «№4 Мәртөк ЖОББМ» КММ 2022-2023 оқу жылында 21 педагог біліктілік санатын алуға өтініш білдірген. Оның ішінде «педагог-модератор» - 10, «педагог-сарапшы» -4, «педагог-зерттеуші» - 7. Мәлімделген біліктілік санатына сәйкестігіне біліктілік санаттарын беру (растау) рәсімін жүргізу үшін сараптамалық кеңес шешімімен 14 педагог оның ішінде «педагог-модератор» - 4, «педагог-сарапшы» -6, «педагог-зерттеуші» - 4 тиісті біліктілік санатын алған. 7 педагог біліктілік санатын ала алмаған. Оған «педагог-модератор» санатына өтініш берген Отарғалиев Ж., Шаһаризада-Шарханқызы А. – тесттен тиісті балл алмауы, Жапақова Л. - біліктілік арттыру курсынан өтпеуі, Қуанышбекова Г., Нағымов А., Тулепбергенова Р. және «педагог-сарапшы» санатына өтініш білдірген Баймуратова А. құжаттарын толық жинақтамай, өтініш жазу уақытынан кешігіп қалуы себеп болған.

2023-2024 оқу жылында аталған бұйрыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне байланысты біліктілік санатын беру немесе растау 2024 жылдың 1 қыркүйегіне дейін аяқталады. «№4 Мәртөк ЖОББМ» КММ-де 2023-2024 оқу жылында 16 педагог біліктілік санатын алуға өтініш білдірді. Оның ішінде «педагог-модератор» санатына – 10 педагог, «педагог-сарапшы» санатына – 4 педагог, «педагог-зерттеуші» санатына - 2 педагог. 12 педагог біліктілік санатын ала алмаған. Оның ішінде «педагог-модератор» санатына өтініш берген Онгарова Х., Шаһаризада-Шарханқызы А. декреттік демалысқа шығып кетті, Садуақасова Ж., Баймуратова А. жұмыстан шығып кетті, Ерекеев Т., Отарғалиев Ж., Тулепбергенова Р. тесттен өтпеді, Муталив Т. тесттен өтіп, портфолиосы дайын болмады, «педагог-сарапшы» санатына Әліпбай Д., Нағашыбаева А., Калманова М. мерзімінен бұрын берді, жетістіктері жеткіліксіз болғандықтан, өтініштері қабылданбады, Кубенов Б. «педагог-сарапшы» санаты ҚР Ағарту министрлігінің 09.04.2024 жылғы №20-1-20-7/2435-И Нұсқау хаты негізінде 01.09.2025 жылға дейін ұзартылғандықтан, өтініш бермеді.

Білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен конкурстар мен жарыстардың соңғы бес жылдағы аудандық және/немесе облыстық кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (бар болған жағдайда) туралы мәліметтер;

2022 – 2023 жж. жалпы білім беру мектептерінің 8-10 класс оқушыларына арналған «А. Байтұрсынұлы – қазақ халқының рухани көсемі» атты облыстық конференцияның аудандық кезеңінде мақала жазу бағыты бойынша 2 орынға 8 класс оқушысы Қалдыбаева Алтынай ие болды, жетекшісі: Кеңшілік А.

Жалпы білім беретін мектептердің 5-10 класс оқушылары арасында А. Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған «Адамдық диқаншысы» атты облыстық танымдық-шығармашылық

фестивалінің «Ахмет шырағы» атты драматургиялық қойылым байқауының аудандық кезеңінде 2 орынға №4 Мәртөк ЖОББМ тобы, 3 орынға 8 класс оқушысы Аманова Ақтолқын, жетекшісі Әліпбай Д., 3 орынға 6 класс оқушысы Файзулла Нұржанат, жетекшісі Мухашова Х., алғыс хатпен Чурин Аманбек, жетекшісі Әліпбай Д., 2 орынға 10 класс оқушысы Худайбергенова Камшат, жетекшісі Кеңшілік А.

Жалпы білім беретін мектептердің 6-10 класс оқушылары арасында қазақ балалар әдебиетіне зор үлес қосқан ақын-жазушы Ескен Елубайдың шығармаларын мәнерлеп оқу байқауында 1 орынға 9 класс оқушысы Есімова Мерей ие болды. Жетекшісі: Кеңшілік А.

«Балалар әлемі» жобасы шеңберінде балалардың кітап оқу мәдениетін дамыту және ілгерілету, білім алушылардың оқу сауаттылығын арттыру мақсатында ұйымдастырылған Республикалық балалар оқулары байқауының аудандық кезеңінде «Ұшқыр ой» номинациясымен Жұмабай Ақерке, жетекшісі Дуисенбаева К., «Зерделі оқушы» номинациясымен Сапарбаева Әсем, жетекшісі Иманова З., 3 орын Алтыбаева Жанар, жетекшісі Убанова Ж., 3 орын Убайдулла Алтынбек, жетекшісі Жиенбаева А., 3 орын Худайбергенова Ұлдана, жетекшісі Мухашова Х., 3 орын Сұлтан Айшабибі, жетекшісі Әліпбай Д.

Жалпы білім беретін мектептердің 5-7 класс оқушылары арасында кітап оқуды насихаттау, қазақ халқының рухани мұрасына, патриоттық пен батырлыққа тәрбиелеу мақсатында аудандық «Қыран елім-Қазақстаным!» патриоттық мәнерлеп оқу байқауында 1 орын Худайбергенов Ерболат, жетекшісі Әліпбай Д.

Жалпы білім беретін мектептердің 8-11 класс оқушылары арасында республикалық «Ақберен» байқауының аудандық кезеңінде көркемсөз оқу бағыты бойынша 3 орын Аманова Ақтолқын, жетекшісі Әліпбай Д., 2 орын Есімова Мерей, жетекшісі Кеңшілік А., эссе жазу бағыты бойынша 2 орын Раушанова Жансая, жетекшісі Кеңшілік А., ақындар мүшайрасы бағыты бойынша 1 орын Есет Ерасыл, жетекшісі Кеңшілік А., эссе жазу бағыты бойынша Әсетқызы Мерей, жетекшісі Әліпбай Д. Республикалық «Ақберен» байқауының облыстық кезеңіне Есет Ерасыл қатысып, мақтау қағазына ие болды. Жетекшісі: Кеңшілік А.

Облыстық М. Жұмабаев оқуларына қатысып, шығармашылық қабілетін жоғары дәрежеде көрсетіп, 3 орынға ие болған Есет Ерасыл. Жетекшісі: Кеңшілік А.

Республикалық III «Абай әлемі» шығармашылық байқауының облыстық кезеңінде 2 орын иеленген Есет Ерасыл. Жетекшісі: Кеңшілік А.

Республикалық I. Жансүгіров оқуларының облыстық кезеңіне қатысқаны үшін Есет Е. сертификатпен марапатталды. Жетекшісі Кеңшілік А.

Республикалық Мәшһүр-Жүсіп оқуларының облыстық кезеңіне қатысқаны үшін Есет Е. сертификатпен марапатталды. Жетекшісі Кеңшілік А.

Республикалық «Абай оқуларының» аудандық кезеңінде 10 класс оқушысы Мамырова Самиға 1 орын, облыстық кезеңінде 1 орын, республикалық кезеңінде грамотаға ие болды. Жетекшісі Абдуллина Б.

Республикалық «Жарқын болашақ» қазақ тілі олимпиадасының аудандық кезеңі 3 орын Аманова Ақтолқын, 2 орын Ражапова Айида, Шроо Марина.

2023-2024 оқу жылында жалпы білім беретін мектептердің 8-11 класс оқушылары арасында «Ақберен» байқауының аудандық кезеңінің көркемсөз оқу бағыты бойынша Аманова А. 2 орын, жетекшісі Әліпбай Д., Есімова М. 3 орын, жетекшісі Абдуллина К., ұлттық аспапта өнер көрсету бағыты бойынша Жақсылықов С. 3 орын, жетекшісі Камзина А., ақындар мүшайрасы бағыты бойынша Есет Е. Бас жүлде, жетекшісі Абдуллина К. Облыстық кезеңінде Есет Е. мақтау қағазына ие болды.

Нұрпейіс Байғаниннің шығармаларына арналған «Байғанин оқулары» атты аудандық байқауы бойынша Аманова А. 2 орынға ие болды. Жетекшісі Әліпбай Д.

«Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік орталығы ұйымдастырған Төлеген Айбергенов оқулары «Толқиды бір кеудемде кернаген шер» бағыты бойынша аудандық кезеңде эсседен 11 класс оқушысы Әсетқызы М. 1 орын, жетекшісі Әліпбай Д., 10 класс оқушысы Раушанова Ж. 2 орын, 11 класс оқушысы Есет Е. 3 орын, жетекшісі Абдуллина К. Облыстық кезеңде Әсетқызы М. сертификатқа ие болды.

Облыстық «Тәуелсіз елім-кең байтақ жерім» эссе байқауында Досанова А. сертификатқа ие болды. Жетекшісі: Абдуллина К.

Махамбет оқулары «Біз неткен ер, неткен ер, сергелдеңмен өткен ер» жоба сайысының аудандық кезеңінде Есімова М. 2 орынға ие болды. Жетекшісі: Абдуллина К.

«Үздік Жұбановтанушы» аудандық байқаудың эссе бағыты бойынша Раушанова Ж. 3 орынға ие болды. Жетекшісі: Абдуллина К.

Абайтану олимпиадасының аудандық кезеңінде 10 класс оқушысы Раушанова Жансая 2 орын, 9 класс оқушысы Худайбергенова Жансұлу 2 орын, жетекшісі Абдуллина К., 9 класс оқушысы Аманова Ақтолқын 3 орынға ие болды. Жетекшісі Әліпбай Д.

Әбіш оқулары байқауының аудандық кезеңінде Ә.Кекілбаевтің шығармалары бойынша зерделеу жоба бағыты бойынша 10 класс оқушысы Есімова Мерей 1 орынға, Раушанова Ж. 1 орын, жетекшісі Абдуллина К., Аманова Ақтолқын 3 орын, жетекшісі Әліпбай Д.

Жалпы білім беретін мектептердің 6-10 класс оқушылары арасында өткен республикалық Мағжан оқуының аудандық кезеңінде «Ақын да бір бала айға ұмтылған» бағыты бойынша 11 класс оқушысы Есет Ерасыл I орынға ие болды, жетекшісі Абдуллина К., 9 класс оқушысы Жұмамұрат Тәттігүл алғыс хат, жетекшісі Әліпбай Д.

Әбіш оқуларының облыстық кезеңінде 10 класс оқушысы Есімова Мерей сертификатқа ие болды. Жетекшісі: Абдуллина К.

Жалпы білім беретін мектептердің 9-11 класс оқушыларының мемлекеттік тілге деген құрметін, шығармашылық ізденісін арттыру мақсатында республикалық Ілияс Жансүгіров оқуларының аудандық кезеңінде 2 орын Есімова Мерей, жетекшісі Абдуллина К.

Жалпы білім беретін мектептердің 7-11 класс оқушыларының шығармашылық, ізденушілік қабілеттерін, мәдени дүниетанымын дамыту мақсатында «Жарқын болашақ» республикалық қазақ тілі олимпиадасының аудандық кезеңінде "Білгірлер бәйгесі" бағыты бойынша 2 орын Раушанова Жансая, жетекшісі Абдуллина К., «Бейнелеушілер» бағыты бойынша 3 орын Сарсенғалиева Аяулым, жетекшісі Әліпбай Д., «Жас қаламгер» бағыты бойынша Аманова Ақтолқын 2 орын, жетекшісі Әліпбай Д.

Мәртөк аудандық балалар кітапханасының ұйымдастыруымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында халық ақыны, айтыскер, жырау Н. Байғаниннің шығармаларына арналған «Байғанин оқулары» номинациясы бойынша алғыс хат Жұмамұрат Тәттігүл, Аманова Ақтолқын, жетекшісі Әліпбай Д.

«Мың бала» республикалық зияткерлік орталығының ұйымдастыруымен «Мақатаев оқулары» конкурсына қатысып, 1 орынға ие болған Мұхтарәли Акерке, Төребай Әлімжан, Ердалы Кәусар, жетекшісі Арыстанова А.

Балалардың кітап оқуға құштарлығын арттыру, отандық және шетелдік әдебиетті, жазушылардың шығармаларын зерделеуге шақыру және жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік сезімін қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған Республикалық балалар оқулары байқауының аудандық кезеңінде 3 орын Көпберген Жансерік, жетекшісі Абдуллина К.

Оқу жылы	Қатысқан оқушылар саны	Аудандық			Облыстық			Республикалық		
		1орын	2орын	Зорын	1орын	2орын	Зорын МҚ	1орын	2орын	Зорын грамота
2022 -23	24	5	6	9	1	1	1			1
2023-24	32	8	9	9			1	3		

2022 – 2023 оқу жылдарында жас тарихшылардың «Менің кіші Отаным» республикалық зияткерлік байқауының аудандық кезеңінде «Менің туған өлкем» номинациясы бойынша мақтау қағазы, жетекшісі Ауданова А., 3 орын Әсетқызы Мерей, жетекшісі Ауданова А., «Менің кішкентай Отанымның тарихы» номинациясы бойынша 2 орын Аққұлова Жансая, жетекшісі Иманов Д., «Кіші Отанымның символы» номинациясы бойынша 1 орын Досанова Айсулыу, жетекшісі Тныштыков А.

2023-2024 оқу жылында «Менің кіші Отаным» атты жас тарихшылар интеллектуалдық конкурсының аудандық кезеңі – Досанова Айсулыу «Менің кіші Отанымның символы» номинациясы бойынша Бас жүлде, жетекшісі Тныштыков А., Көпберген Жансерік «Менің

кіші Отанымның тарихы» номинациясы бойынша I орын, жетекшісі Иманов Д., Раушанова Жансая «Менің туған өлкем» номинациясы бойынша Бас жүлде, Тулкибаева Гүлден II орын, жетекшісі Ауданова А., Базарбаева Нүрәсел, жетекшісі Кубенов Б., Темірбаева Гүлбану III орын, жетекшісі Ауданова А. Сұлтан Айшабибі орын алған жоқ. 16 қазан күні «Менің кіші Отанымның символы» номинациясы бойынша облыстық кезеңде Раушанова Жансая III орын, жетекшісі Ауданова А., Досанова Айсулыу орын алған жоқ.

Оқу жыл	Қатысқан оқушылар саны	Аудандық			Облыстық			Республикалық		
		1орын	2орын	Зорын МҚ	1орын	2орын	Зорын	1орын	2орын	Зорын
2022-23	4	1	1	2						
2023-24	7	3	1	2			1			

Жалпы орта білім беру деңгейі бойынша білім алушының табиғат, қоғам және адам туралы біртұтас, аяқталған білім жүйесін меңгеруін, функционалдық сауаттылығының дамуын, тұлғаның интеллектуалдық, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын, білім мазмұнын саралау, кіріктіру және бейіндеу негізінде болашақ мамандығының бағытын таңдау жағдайын қамтамасыз ету мақсатында жүргізіліп жатқан стандартты деңгейдегі сағаттар, сонымен қатар вариативтік компонент сағаттары оқытылуы бойынша оқушылар көптеген жетістіктерге жетті.

2022-2023 оқу жылы бойынша бойынша “Зерде” 1-7 сынып оқушылары арасындағы ғылыми жоба байқауы бойынша: аудандық кезеңде Түркпенов Мадияр 1 орын, жетекшілері Бекбатырова Г., Хупыр А.; Бауыржан Арай, Закраддин Жаннұр 3 орын, жетекшісі Байзакова Ж.; Куанышбаев Жақсылық 1 орын, жетекшісі Дуисенбаева К.; Пашенбай Ерболат 3 орын, жетекшісі Буркутова Ж. Облыстық кезеңге 2 жұмыс жіберілді. Нәтижесінде Түркпенов Мадияр 1 орын алды.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша «Дарын» республикалық ғылыми жоба конкурсының облыстық кезеңінде физика секциясы бойынша 1 дәрежелі дипломмен Молдашев Жомарт марапатталды. Жетекшілері: Бекбатырова Г., Хупыр А.

«Табиғи ресурстарға үнемділік-болашаққа сенімділік» атты облыстық жобалар байқауында 1 дәрежелі дипломмен Чурин Аманбек, 2 дәрежелі дипломмен Молдашев Жомарт, Түркпенов Мадияр марапатталды. Жетекшілері: Бекбатырова Г., Хупыр А.; 3 дәрежелі дипломмен Сәрсенғалиева Аяулым марапатталды. Жетекшісі: Кушимова Н.; 3 дәрежелі дипломмен Тынашев Еркебұлан марапатталды. Жетекшісі: Байзакова Ж.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде мектептердің 11 класс оқушылар арасында ұйымдастырылған ғылыми-жобалар байқауының жүлдегері Түркпенов Мадияр 2 дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшілері: Бекбатырова Г., Хупыр А. Әсетқызы Мерей 3 дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі: Канатбаева Г. Қостаев Ернұр 2 дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі: Хупыр А.

2023-2024 оқу жылында 2-7 сынып оқушылары арасында «Зерде» республикалық зерттеу жобалары конкурсының облыстық кезеңінде медицина, психология, экология секциясы бойынша 3 дәрежелі дипломға Жақсылықов Санжар ие болды. Жетекшісі: Жармағамбетова Ж.; Гран при иегері Хупыр А. Жетекшілері: Хупыр А., Курманиязова Ж.

«Зерде» республикалық зерттеу жобалары конкурсының республикалық кезеңінде медицина, психология, экология секциясы бойынша Хупыр Алихан қатысып, 3 дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшілері: Хупыр А., Курманиязова М.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша «Дарын» республикалық ғылыми жоба конкурсының облыстық кезеңінде физика секциясы бойынша 2 дәрежелі дипломмен Ануарбекұлы Аманбек, Аккулова Жансая марапатталды. Жетекшілері: Бекбатырова Г., Хупыр А.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде Ғылым айы аясында өткізілген «Өңірді дамыту драйверлері» атты облыстық оқушыларға арналған ғылыми және кәсіпкерлік жобалар байқауында үздік нәтиже көрсетіп, жеңіске жеткені үшін Ануарбекұлы Аманбек 2

дәрежелі дипломмен, Аккулова Жансая 3 дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшілері: Бекбатырова Г., Хупыр А.

Физика бағыты бойынша «Ғылым фестивалі-2024ж» облыстық ғылыми жоба байқауында Аккулова Жансая 3 дәрежелі, Ануарбекұлы Аманбек 3 дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшілері: Бекбатырова Г., Хупыр А.

5-6 наурыз күндері Алматы қаласында Ө. Жолдасбеков атындағы математика және механика бойынша зерттеу жобаларының Халықаралық конкурсына 11 класс оқушысы Ануарбекұлы Аманбек қатысып, жүлделі 3 орынға ие болды. Жетекшілері: Бекбатырова Г., Хупыр А.

Оқу жылы	Қатысқан оқушылар саны	Аудандық			Облыстық			Республикалық			Халықаралық
		1орын	2орын	3орын	1орын	2орын	3орын	1орын	2орын	3орын	
2022-2023	16	2		2	3	4	3				
2023-2024	10				Гран-При-1	3	4			1	1

Оқушылар математикалық олимпиадалар мен байқауларда көптеген жетістіктерге жетті.

2022 -2023 оқу жылында 9 класс оқушылары арасында өткен «Аламан» олимпиадасының аудандық кезеңінде өз білімділігін көрсетіп, белсене қатысқаны үшін алғыс хат Мамбеталин Руслан, жетекшісі Талипова Б., алғыс хат Көпберген Жансерік, жетекшісі Кушимова Н., алғыс хат Юсупов Бекзат, жетекшісі Хупыр А., алғыс хат Айниязова Камила, жетекшісі Муртазаева А., Алғыс хат Дженгисов Еркебулан, жетекшісі Муртазаева А., мадақтама Кустаев Нурасыл, жетекшісі Муртазаева А., алғыс хат Досанова Айсулыу, жетекшісі Абуева Л.

4«Алтын сақа» олимпиадасының аудандық кезеңінде Аман Уалихан 2 орынға ие болды. Жетекшісі Жиенбаева А.

Математика пәнінен 5-6 класс арасында өткізілген «Алтын сақа» олимпиадасының облыстық кезеңінде 3 орын Бисен Нарұл, 2 орын Кубенов Қайсар. Жетекшісі: Ерекеева С.

2023-2024 оқу жылында 5-6 класс оқушыларына арналған «Алтын сақа» олимпиадасының аудандық кезеңінде 6 класс оқушысы Бисен Нарұл 3 орын, жетекшісі Ерекеева С., 5 класс оқушысы Аман Уәлихан 2 орын, Көптлеуова Әсем 1 орын, жетекшісі Буркутова Ж. Облыстық кезеңде Аман Уәлихан 3 орын, Көптлеуова Әсем 2 орын алды.

Жалпы білім беретін мектептердің 9 класс оқушылары арасында «Аламан» олимпиадасының аудандық кезеңіне математика пәнінен Аманова Ақтолқын, биология пәнінен Темірбаева Гүлбану, география пәнінен Жақсылықов Серікзат, химия пәнінен Аманкелсін Ғазіретсұлтан, физика пәнінен Сұлтан Айшабибі қатысып, Аманова Ақтолқын, жетекшісі Ерекеева С., Темірбаева Гүлбану, жетекшісі Талипова Б., Сұлтан Айшабибі І орынға ие болды. 12 қазан күні облыстық кезеңде Сұлтан Айшабибі ІІІ орынға ие болды. Жетекшісі Бекбатырова Г.

«Алтын түлек» олимпиадасының республикалық кезеңінде 11 класс оқушысы Ануарбекұлы Аманбек грамота, жетекшісі Абдрахманов А., Кустаев Нурасыл 3 орын, жетекшісі Абдалов К.

Оқу жылы	Қатысқан оқушылар саны	Аудандық			Облыстық			Республикалық		
		1орын	2орын	3орын Алғыс хат	1орын	2орын	3орын	1орын	2орын	3орын
2022 - 2023	11		1	8		1	1			
2023-2024	13	4	1	1		1	2			1 грамота-1

Бастауыш класс оқушыларының математикалық олимпиадалар мен байқаулардан жеткен жетістіктері де біршама.

2022 – 2023жж аудандық “Бастау” атты математикалық құрама топтық олимпиадасында “Дарын” құрамасы 2 Дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі: Иманова З.

4 сынып оқушылары арасында өткен аудандық «Кішкентай білгірлер» интеллектуалдық командалық олимпиадасында жүлделі 3 орынға ие болған 4 сынып білім алушыларынан құралған «Болашақ» командасы. Жетекшілері: Арыстанова А., Жиенбаева А.

Жалпы білім беретін мектептердің 3-4 класс оқушыларының «Математика - ғажайып әлем» атты математикалық олимпиадасының аудандық кезеңінде жүлделі 2 орын Куанышбаев Жақсылық, жетекшісі Дуисенбаева К. Облыстық кезеңде Куанышбаев Ж. 1 орынға ие болды.

Республикалық «Жас математик» олимпиадасы бойынша 1 орынға 2 класс оқушылары Жақсылықов Санжар, Раджапова Сабина ие болды. Жетекшісі Жармагамбетова Ж.

2023-2024 оқу жылында аудандық «Кішкентай білгірлер» сайысына құрамында 4 класс оқушылары Амантай Айару, Бекмуратова Айару, 3 класс оқушылары Сапарбаева Әсем, Нияз Мұхаммад «Жұлдыз» атты командасымен қатысып, 2 орынға ие болды. Жетекшілері Дуисенбаева К., Айсина А.

Бастауыш кластар бойынша «Бастау» олимпиадасына 2-4 кластан құралған «Жалын» командасы аудандық кезеңге қатысып, мақтау қағазына ие болды. Жетекшісі Жармагамбетова Ж.

Жалпы білім беретін мектептердің 3-4 класс оқушыларының «Математика - ғажайып әлем» атты математикалық олимпиадасының аудандық кезеңінде жүлделі 2 орын Жақсылықов Санжар, 3 орын Хупыр Алихан, жетекшісі Жармагамбетова Ж., 3 орын Серік Айару, жетекшісі Дуисенбаева К., алғыс хат Жолдасбаев Ерасыл, жетекшісі Курманиязова М., алғыс хат Нияз Мұхаммад, Сапарбаева Әсем, жетекшісі Айсина А.

Облыстық «Smart оқушы» интеллектуалды олимпиадасы математика пәні бойынша қорытындысы:

Ердалы Кәусар - 1 орын, Кужиров Айдын – 1 орын, Мұхтарәли Ақерке – 1 орын. Жетекшісі: Арыстанова А.

Ержан Томирис – 1 орын, Кадырова Айдана – 1 орын, Умиртаев Нұрхан – 1 орын. Жетекшісі: Жиенбаева А.

Оқу жылы	Қат сқан оқушылар саны	Аудандық			Облыстық			Республикалық		
		1орын	2орын	3орын Алғыс хат	1орын	2орын	3орын	1орын	2орын	3орын
2022 - 2023	Команда 3 оқушы 4 оқушы		2	1	1			2		
2023 - 2024	Команда 3 оқушы 6 оқушы		3	5	6					

2022 – 2023жж жалпы білім беретін пәндер бойынша 5-6 класс оқушылары арасындағы пәндік олимпиаданың аудандық кезеңі бойынша:

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша: III орын 6 класс оқушысы Ерғали Жанерке, жетекшісі Әліпбай Д.

Математика пәнінен жүлделі II орын 6 класс оқушысы Пашенбай Ерболат, жетекшісі Буркутова Ж.

Орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша: II орын 6 класс оқушысы Таспагамбетова Айнара, жетекшісі Мамырова Г.

Қазақстан тарихы пәні бойынша: I орын 5 класс оқушысы Файзуллаев Батыржан, жетекшісі Тныштыков А.

Жаратылыстану пәні бойынша: III орын 6 класс оқушысы Хұпырұлы Разызаман, жетекшісі Хұпыр А.

2023-2024 оқу жылында жалпы білім беретін пәндер бойынша 5-6 класс оқушылары арасындағы республикалық олимпиадасының аудандық кезеңі бойынша:

орыс тілі қазақ мектебінде алғыс хат 6 класс оқушысы Шағраева Даяна, жетекшісі Мамырова Г. ағылшын тілі пәнінен 3 орын 5 класс оқушысы Бақтыбаева Ақкенже, жетекшісі Садуакасова Ж.

орыс тілі қазақ мектебінде пәнінен 3 орын 5 класс оқушысы Шахтыбай Алмас, жетекшісі Мамырова Г.

ағылшын тілі пәнінен 3 орын 6 класс оқушысы Бисен Нарұл, жетекшісі Калманова М.

Қазақстан тарихы пәнінен 3 орын 6 класс оқушысы Аманкүл Мұхаммеджан, жетекшісі Тныштыков А.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен 3 орын 6 класс оқушысы Файзуллаева Аяжан, жетекшісі Мухашова Х.

Жаратылыстану пәнінен 3 орын 6 класс оқушысы Файзуллаев Батыржан, жетекшісі Кушенова Н.

математика пәнінен 2 орын 5 класс оқушысы Жамаладинова Аяна, жетекшісі Абдрахманов А.

орыс тілі пәнінен 2 орын 6 класс оқушысы Серік Сүлеймен, жетекшісі Онгарова Х.

математика пәнінен 1 орын 5 класс оқушысы Аман Уәлихан, жетекшісі Буркутова Ж.

Қазақстан тарихы пәнінен 1 орын 6 класс оқушысы Бадиканова Балнұр, жетекшісі Ауданова А.

орыс тілі пәнінен мақтау қағазы 5 класс оқушысы Нукушева Асель, жетекшісі

Куанышбекова Г.

Облыстық кезеңде Бадиканова Балнұр Қазақстан тарихы пәні бойынша 2 орын. Жетекшісі Ауданова А.

Оқу жылы	Қатысқан оқушылар саны	Аудандық			Облыстық			Республикалық		
		1 орын	2 орын	3 орын	1 орын	2 орын	3 орын	1 орын	2 орын	3 орын
2022-23	6	1	2	2						
2023-24	22	2	2	8		1				

5-6 кластар бойынша кешенді олимпиаданың аудандық кезеңінде Алтыбаева Жанар 2 орын, Қостаева Лиана 3 орын. Облыстық кезеңде Алтыбаева Жанар ағылшын тілі пәнінен 1 орын, информатика пәнінен 2 орынға ие болды.

5-6 класс оқушылары арасында аудандық «Достық -2023» (математика, қазақ тілі, тарих, ағылшын тілі) олимпиадасының жеңімпаздары: Алтыбаева Жанар– 2 орын, Кубенов Қайсар, Қостаева Лиана – 3 орын.

2023-2024 оқу жылында «Достық-2024» олимпиадасының аудандық кезеңіне Жамаладинова А., Бадиканова Ж., Бадиканова Б., Костаева Л. қатысып, Бадиканова Б., Жамаладинова А. 1 орын, Бадиканова Ж. 3 орын. Облыстық кезеңге Бадиканова Б., Бадиканова Ж., Жамаладинова А. қатысты.

Оқу жылы	Қатысқан оқушылар саны	Аудандық			Облыстық			Республикалық		
		1 орын	2 орын	3 орын	1 орын	2 орын	3 орын	1 орын	2 орын	3 орын
2022-23	8		2	3	1	2				
2023-24	4	2		1						

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық, облыстық кезеңдері бойынша нәтиже:

2022-2023 оқу жылында аудандық олимпиадаға 25 оқушы қатысып, I орын – 7 оқушы, II орын – 3 оқушы, III орын – 6 оқушы, мақтау қағазы – 2 оқушы. Білім сапасы – 72%. Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңі өтті. Барлығы 7

оқушы қатысып, жүлделі ІІ орын – І оқушы, Есеналина Аружан, жетекшісі Бекбатырова Г., ІІІ орын – 2 оқушы, Мамбеталин Руслан, жетекшісі Мамырова Г. Бауыржан Әсел, жетекшісі Калманова М.

2023-2024 оқу жылында пәндік олимпиада желтоқсан айының 19-20 күндері өткізілді, аудандық олимпиадаға негізгі пәндер бойынша 9-11 кластардан қатысушылар саны 28 оқушы болды. Аудандық олимпиадада І орын - 3 оқушы, ІІ орын- 6 оқушы, ІІІ орын- 3 оқушы, мақтау қағазы – 1 оқушы. Білім сапасы – 46,4%

Облыстық кезеңге 5 оқушы қатысты:

1. Джолдасбаева Асель – мақтау қағазы, Қазақстан тарихы пәні. Жетекшісі: Иманов Д.
2. Бауыржан Алтынай – мақтау қағазы, ағылшын тілі пәні. Жетекшісі: Нағашыбаева А.
3. Сұлтан Айшабибі – 3 орын, физика пәні. Жетекшісі: Бекбатырова Г. Аталған оқушылар Ақтөбе облысы білім басқармасы басшысының дипломы мен медалімен марапатталды.

Ауыл мектептердің 9-11 класс оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың облыстық кезеңі 2 орын, информатика пәні Аманкосова Инабат, жетекшісі Байзакова Ж., биология пәнінен 3 орын Аманова Ақтолқын, жетекшісі Талипова Б.

Оқу жылы	Қатысқан оқушылар саны	Аудандық				Облыстық				Республикалық		
		І орын	ІІ орын	ІІІ орын	МҚ	І орын	ІІ орын	ІІІ орын	МҚ	І орын	ІІ орын	ІІІ орын
2022-2023	25	7	3	6	2		1	2				
2023-2024	28	3	6	3	1		1	2	1			

Оқушылардың аудандық, облыстық, республикалық олимпиадаларға қатысуын талдау

Оқу жылы	Сынып	Орыс тілі мен әдебиеті		Қазақ тілі мен әдебиеті		Ағылшын тілі		Биология	
		баланы	жүлделі орындар	баланы	жүлделі орындар	баланы	жүлделі орындар	баланы	жүлделі орындар
2022-2023	9–11	5	4	5	5	4	3	2	1
2023-2024	9–11	2	2	4	2	2	1	5	1

кестенің жалғасы

Химия		География		Физика		Математика		Тарих		информатика	
баланы	жүлделі орындар	баланы	жүлделі орындар	баланы	жүлделі орындар	баланы	жүлделі орындар	баланы	жүлделі орындар	баланы	жүлделі орындар
1	1	1	1	5	4	1	0	3	1	1	1
1	0	2	0	4	3	3	1	6	5	3	2

2022 – 2023 оқу жылында Республикалық 7-8 класс оқушылары арасындағы жаратылыстану- математикалық бағыттағы пәндер бойынша республикалық жасөспірімдер олимпиадасының аудандық кезеңі бойынша :

физика алғыс хат Талғат Сырым, жетекшісі Бекбатырова Г., химия алғыс хат Жетписбаев Алихан, 1 орын Жетписбаев Алихан, жетекшісі Абуева Л. информатика 3 орын Закрадин

Жаннұр, 1 орын Қостаев Ернұр, жетекшісі Байзакова Ж., география 2 орын Жолдасбаев Мейрамбек, жетекшісі Кушимова Н. биология 1 орын Худайбергенова Ұлдана, жетекшісі Талипова Б.

2023-2024 оқу жылында Республикалық 7-8 класс оқушылары арасындағы пәндік олимпиадасының аудандық кезеңі бойынша: математика мақтау қағазы Хупырұлы Разызаман, жетекшісі Буркутова Ж, Қазақстан тарихы 2 орын Юсупов Әділхан, жетекшісі Иманов Д.

химия 3 орын Сағынтаева Мейірім, жетекшісі Муртазаева А., география мақтау қағазы Базарбаев Нұрхат, жетекшісі Кушимова Н., физика 2 орын Сапарбаев Жансейіт, жетекшісі Бекбатырова Г. ағылшын тілі мақтау қағазы Ерғали Жанерке, жетекшісі Уналбаева Д.

орыс тілі 2 орын Таспагамбетова Айнара, жетекшісі Мамырова Г., Қазақстан тарихы 2 орын Султамуратова Жанерке, жетекшісі Тныштыков А., ағылшын тілі мақтау қағазы Бауыржан Арай, жетекшісі Калманова М. орыс тілі 3 орын Надыр Гауһар, жетекшісі Онгарова Х. Қазақстан тарихы мақтау қағазы Ражапова Айида, жетекшісі Канатбаева Г. қазақ тілі мен әдебиеті мақтау қағазы Файзулла Нұржанат, жетекшісі Жапақова Л., орыс тілі 3 орын Пашенбай Ерболат, жетекшісі Куанышбекова Г.

жылдар	Қатысқан оқушылар саны	Аудандық			Облыстық			Республикалық		
		1 орын	2 орын	3 орын АХ	1 орын	2 орын	3 орын	1 орын	2 орын	3 орын
2022 – 2023	6	2	1	3						
2023 – 2024	24		4	9						

2022-2023 оқу жылында жалпы білім беретін мектептердің 8-11 класс оқушылары арасында Республикалық лингвистикалық олимпиадасының аудандық кезеңінде 3 орынға Аманова Ақтолқын, Темірбаева Гүлбану, Чурин Аманбек ие болды. Жетекшісі Уналбаева Д.

ҚР Білім саласының Үздігі, жаратылыстану бағыты бойынша химия, биология пәндерінің «Үздік ұстазы» болған Утарғалиева Райса Аблаевнаны еске алуға арналған химия пәнінен «Менделеев шыңы» атты аудандық интеллектуалдық сайыста жақсы нәтиже көрсеткені үшін Досанова Айсулыу, Аманова Ақтолқын, Қалдыбаева Алтынай марапатталды. Жетекшісі Абуева Л.

ҚР ауыл мектептерінің 6 класс оқушыларына арналған «Мың бала» Ұлттық зияткерлік олимпиадасынан дипломға ие болған Алтыбаева Жанар, Хупырұлы Разызаман.

Республикалық IQanat олимпиадасының I кезеңінің жеңімпаздары: Худайбергенова Жансулу, Темірбаева Гүлбану, Қостаев Ернұр, Аманова Ақтолқын.

2023-2024 оқу жылында жалпы білім беретін мектептердің 11 класс оқушылары арасында математика, физика, химия және биология пәндерінен Президенттік олимпиадаға Есеналина Аружан қатысты.

Жалпы білім беретін мектептердің 7-8 класс оқушылары арасында география пәнінен Ұлттық Олимпиаданың аудандық кезеңі 7 класс оқушысы Сапарбаев Жансейіт, 8 класс оқушысы Жолдасбаев Мейрамбек қатысып, Жансейіт II орын, Мейрамбек III орынға ие болды. Жетекшісі Кушимова Н.

«Абай» пәндік ІҮ Республикалық олимпиадасында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен Аманова А. 1 орын, Әсетқызы М. 1 орын, жетекшісі Әліпбай Д., ағылшын тілі пәнінен Бадиканова Ж., Жалмұрат А., Қостаева Л., Сұлтан Айшабибі 1 орынға ие болды. Жетекшісі Уналбаева Д.

Лингвистикалық олимпиаданың аудандық кезеңіне 8 класс оқушылары Бауыржан А., Надыр Г., 10 класс оқушысы Базарбаева Нұрәсел, 11 класс оқушысы Бауыржан А. қатысып, 11 класс оқушысы Бауыржан А. 1 орынға ие болды. Жетекшісі Узакбергенова М.

Г. Сұлтанов атындағы облыстық математикалық олимпиадаға 7-8 кластардан Хупырұлы Р., Сапарбаев Ж., Уразов А., Камзин Н. қатысты.

Жалпы қорытындылай келе:

Олимпиада мен конкурстар түрлері	Аудандық	Облыстық	Республикалық Халықаралық
Пәндік олимпиадалар мен білім байқаулары	114	16	2
Оқулар	46	4	4
Ғылыми және шығармашылық жобалар байқауы	4	18	2
Қашықтық форматтағы байқаулар	52	38	8
Интеллектуалдық конкурстар	17	21	120
	31 %	13 %	18 %

Кемінде үш жылда бір рет басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер.

Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары ҚР БҒМ 2016 жылғы 28 қаңтардағы №95 бұйрығы ҚР Әділет министрлігінде 2016 жылы 9 наурызда №13420 болып тіркелді. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38-1) тармақшасына сәйкес әзірленген және педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру, өткізу тәртібін, сондай-ақ олардың қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді ұйымдастыру, өткізу тәртібін айқындайды. Курстарды өткізу аудиториялық және қашықтықтан оқыту нысандарында әртүрлі бағыттар мен модульдерді игеру арқылы, сондай-ақ оқытатын бейініне сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері үшін кәсіпорындар (ұйымдар) базасында бір рет немесе кезең-кезеңімен жүзеге асырылған.

2022-2023 оқу жылында Білім беру жүйесіндегі біліктілікті арттыру іс-шарасы аса қажетті үрдіс. Бұл кәсіби білім беру жүйесінде педагогтардың күрделі еңбек функцияларын атқаруға бағытталған әдет біліктілігін қалыптастыратын қосымша білім беру түрі. Біліктілікті арттыру мақсаты бұдан бұрын алынған кәсіби білімді тереңдету, мұғалімнің сапалық, іскерлік қасиеттерін жетілдіру және мұғалімнің шығармашылық бағытта өзін-өзі шыңдауына ықпал ету болатыны анық. Осы мақсатта №4 Мәртөк жалпы орта білім беретін мектебінде 2022-2023 оқу жылына жасалынған біліктілікті арттыру перспективтік жоспары жасалған. Жоспар негізінде соңғы 2017 жылы курстан өткен педагогтердің және 2022-2023 оқу жылында аттестациялаудан өткізілетін педагогтердің жоспар бойынша біліктілік арттыру курстарынан өткізілетіндігі ескертіліп, Мәртөк аудандық білім бөліміне сұраныс жасалып, педагогтер біліктілік арттыру курсынан өткізілген.

2022-2023 оқу жылы. Өзін-өзі бағалау нәтижесі бойынша біліктілікті арттыру курсынан өту кезінде мұғалімдердің аттестаттаудан өту мерзімдеріне, біліктілік арттыру курсының мерзіміне, сондай-ақ олардың жұмысының нәтижесіне назар аударылған.

Жетписбаева А. - жас маман болуына байланысты 5 жыл еңбек өтілі болмағандықтан біліктілікті арттыру курсынан өту міндетті емес екендігі мәлім.

2023-2024 оқу жылы. Абдалов К., Айсина А., Аклбекова А., Жолымова Қ., Утегенова А., Шоңайова Ж. – жас маман болуына байланысты 5 жыл еңбек өтілі болмағандықтан біліктілікті арттыру курсынан өту міндетті емес. Осы оқу жылына арналған жоспарға сәйкес 19 педагог базалық, 20 педагог инклюзивті білім беру, кітапханашы базалық біліктілікті арттыру курсынан өткізілген.

2024-2025 оқу жылы. Осы жылғы жоспар бойынша 16 мұғалім базалық курстан өтуі тиіс.

Оқу жылы	Барлық педагогтер	Базалық курс	Инклюзив бойынша	Тақырыптық
2022-2023 о.ж	55	23		
2023-2024 о.ж	55	19	20	

2024-2025 о.ж.	56	1		2
----------------	----	---	--	---

Соңғы үш жылда біліктілік арттыру курсынан өтпеген педагог саны – 5, барлығы жас маман – Абдалов К., Айсина А., Жолымова Қ., Шоңайова Ж., Букаева Ә.

Басшы кадрлардың үш жылда бір рет біліктілік арттыру курсы бойынша.

Биылғы оқу жылында 3 әкімшілік өкілі менеджмент курсынан өтуі тиіс – Абдуллина Б.А., Канатбаева Г.Т., Кубенов Б.А.

Оқу жылы	Мектеп директоры	Директордың оқу ісі орынбасарлары	Директордың тәрбие жөніндегі ісі орынбасары	Директордың оқу әдістемелік орынбасары
2021-2022	Абдуллина Б.А. ҚР БҒМ Біліктілікті Арттырудың Қазақстандық Өңіраралық Орталығы Сертификат «Білім берудегі менеджмент: ұжымды басқару» №190292 25.10.2021-05.11.2021 жыл 80 сағат	Канатбаева Г.Т.	Баймуратова А. ҚР БҒМ Біліктілікті Арттырудың Қазақстандық Өңіраралық Орталығы Сертификат «Білім берудегі менеджмент: ұжымды басқару» №190292 25.10.2021-05.11.2021 жыл 80 сағат	Кубенов Б.А. ҚР БҒМ «Өрлеу» БАҰО АҚ «Білім беруді трансформациялау жағдайындағы инновациялық менеджмент» №0533472 25.04-06.05.2022 80 сағат
2022-2023				
2023-2024			Демегенов Т.Ж. ҚР Оқу-Ағарту министрлігі «Өрлеу» БАҰО АҚ «Шағын жинақталған мектепті басқарудағы цифрлық шешімдер» 80 сағат 11.09-22.09.2023 80 сағат	

3.Білім алушылар контингенті Білім алушылар контингентінің сандық құрамы

Білім алушылар контингентінің сандық құрамы: деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтер.

Мектепке қабылданатын білім алушылар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» негізінде жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығымен (02.11.2018ж №611 өзгерісімен) бекітілген білім беру қызметтерін көрсетудің

үлгілік шартына сәйкес білім беру қызметтерін көрсету үшін білім алушылардың ата-аналарымен немесе өзге де заңды өкілдерімен шарт жасалып отырған.

«№4 Мәртөк жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-ніне қабылданатын оқушылардың ата-аналарын, оқушыларды ішкі тәртіп ережесімен, Жарғысымен және білім беру процесін ұйымдастыруды регламенттейтін құжаттармен таныстырылып отырған. Медициналық картасы талап етіліп, алфавиттік кітапқа тіркелгендігі туралы нөмірлері уақытылы берілген.

Деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтерге тоқталсақ ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушы бастауыш сыныптарда, негізгі орта білім беру сыныптарында 2022-2023 оқу жылында **4 білім алушы**, 2023-2024 оқу жылында 5 білім алушы тіркелген.

ПМПК қорытындысының нәтижесінде білім алушыларға берілген ұсыныстар негізінде білім алған. Білім алушыларға уақытылы жағдай жасалған. 2022-2023 оқу жылында 9- кластағы Жантекей Харажан Мухибат Ахжол Ақтөбе облысы білім басқармасының 2023 ж.26.05.№252 бұйрығы негізінде емтиханнан босатылды.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы "Білім беру

№	контингенттің құрылымы	2022-2023		2023-2024		2024-2025	
		жалпы сынып саны	оқушылар саны	жалпы сынып саны	оқушылар саны	жалпы сынып саны	оқушылар саны
1	№4 Мәртөк жалпы орта білім беретін мектебі	22	382	22	363	22	370

объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы» № ҚР ДСМ-76 бұйрығының 5-тарау 70- тармағының сәйкес жалпы білім беретін және арнайы білім беру ұйымдары топтарының (сыныптарының) толтырылуы туралы 2- қосымшасында сыныптағы балалар саны -сынып жинақтау тәртібінің сақталуы, сынып толымдылығы нормаларының сақталуы №4 Мәртөк жалпы орта білім беретін мектебінде 2022-2023 оқу жылында мектепте 1-11 кластар бойынша 22 класс жиынтығында 382 білім алушы оқыған. Яғни әр класта толымдылығы бойынша 18 баладан келген.

2023-2024 оқу жылында 1-11 кластарда 22 класс жиынтығында 363 білім алушы оқыған, ал толымдылығы бойынша 16 баладан келген.

2024-2025 оқу жылында 1-11 кластарда 22 класс жиынтығында 370 білім алушы оқыған, ал толымдылығы бойынша 16 баладан келген.

Мектепке қабылдау және мектептен мектепке ауысу үдерісі «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

№4 Мәртөк жалпы орта білім беретін мектебі

Контингент қозғалысы

Оқу жылдары бойынша	Барлығы		1-4 сыныптар		5-9 сыныптар		10-11 сыныптар		Оқушы саны
	келді	кетті	келді	кетті	келді	кетті	келді	кетті	
2022-2023	6	8	2	3	4	4		1	382
2023-2024	16	15	4	6	9	9	3	0	363
2024-2025	21	12	2	8	9	13	1	0	370

Жоғарыда келтірілген мәліметтерге қарағанда оқуға келген және кеткен білім алушылар саны арасындағы динамикалық тепе-теңдік сақталмайды. Білім алушылардың мектептен кетуінің негізгі себептерінің бірі тұрғылықты жерін ауыстыру болып қала береді.

4. Оқу-әдістемелік жұмыс

2022 - 2023 оқу жылында «№4 Мәртөк жалпы орта білім беретін мектебі » КММ контингент 1-11 сыныпта 22 класс жиынтығында – **382 оқушыға білім берілген.**

2022-2023 оқу жылында ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2020 жылғы 5 мамырдағы №182), (28.08. 2020 № 372) өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) негізінде Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығының 1-4 кластар үшін 8-қосымша, 5-9 кластар үшін 13- қосымша, 10 класс үшін 19- қосымша, 11 класс үшін 19-қосымша бойынша төмендетілген оқу жүктемесі педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып оқу жұмыс жоспары жасалған.

2022-2023 оқу жылында бастауыш білім беруге 191 сағат, негізгі орта білім беруге 312 сағат, жалпы орта білім беруге 134 сағат, барлығы 637 апталық жүктеме беріліп, бекітілген.

Жалпы қорытынды: Жалпы оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген. Оқу жоспары жыл сайын педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен бекітіліп отырған.

Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып, 2022-2023 оқу жылында электронды «kundelik.kz», 2023-2024 оқу жылында электронды bilimclass.kz пайдалану арқылы жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі сақталынған. Мектептің сабақ кестесі міндетті және факультативтік сабақтар үшін жеке жасалған. Факультативтік сабақтар міндетті сабақтардың барынша аз саны бар күндері жоспарланған. Сабақ кестесінде оқушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістің нормативі сақталған.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

2022-2023 оқу жылы бойынша. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары;

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы негізінде ұзақ мерзімді жоспарлары (әдістемелік отырыста) талданып өзгерістер енгізілген.

Өзін-өзі бағалау барысында жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары kundelik.kz-те толтырылуы сәйкестендіріле отырып тексерілді. Оқу үдерісін ұйымдастыру оқу жоспары және сабақ кестесімен реттелген.

Оқушылардың оқу жүктемесінің максималды саны оқу аптасын ескере отырып, рұқсат етілген сағаттардың санына сәйкес. Оқу бағдарламасы инвариантты және вариативті бөліктен тұрады.

Инвариантты бөлігі негізгі оқу жоспарына сәйкес жасалған Инвариантты және вариативтік оқу, таңдауы бойынша, белсенді – қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар ,барлық элементтері мемлекеттік бағдарламалармен қамтамасыз етілген. Оқу жоспарының барлық пәндерінде пән мұғалімдері күнтізбелік – тақырыптық жоспарлауды дайындаған. Ол сабақтардың күндерін, сабақ тақырыптарын, тақырыпқа сәйкес сағаттарының саны белгіленген. Оқу жоспарының инвариантты бөлімінен сағат саны Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сай бөлініп, оқытылған барлық сағаттар kundelik.kz-те толтырылған.

2023-2024 оқу жылы бойынша контингент 1-11 сыныпта 22 класс жиынтығында – 363 оқушы, ал мектепалды даярлық бойынша 1 сынып жиынтықта – 17 білім алушы оқиды.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (ҚР Оқу ағарту министрінің 12.08.2022 ж. №365; 30.09.2022 ж. №412 бұйрықтарымен енгізілген өзгерістермен) бекітілген Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығымен бекітілген, 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (төмендетілген оқу жүктемесімен) тиісті білім беру деңгейіндегі оқу жүктемесінің ерекшеліктерін қамтиды, оның ішінде: **Бастауыш білім беру деңгейі бойынша:** – оқыту қазақ жүргізілетін сыныптарда «Жаратылыстану» пәнінің оқу жүктемесі 3-4-сыныптарда 1 сағатқа көбейді (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына 8,9,10,11,12-қосымша, Қазақстан Республикасы Оқуағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығы 11 қосымша.

Негізгі орта білім беру деңгейі бойынша: - оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарда «Жаратылыстану» (5-6-сыныптарда), «Алгебра», «Физика», «Химия», «Биология», «Қазақстан тарихы» пәндерінің (7-9-сыныптарда) оқу жүктемесі 1 сағатқа көбейді (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына 13,14,15,16,17-қосымша).

Вариативтік компонент бойынша: Білім алушылардың ерте кәсіби бейімделуін қамтамасыз етуге арналған оқу пәндерінің комбинациялары 1 сағат көлемінде оқытылады.

Жалпы орта білім беру деңгейі бойынша: Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша Жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарына сәйкес (ҚР Оқу-ағарту министрінің 18.08.2023 ж. №264 бұйрығына 21,22 қосымшалар).

Оқыту қазақ, орыс тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша Жалпы орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) үлгілік оқу жоспарына сәйкес:

– таңдау пәндері (тереңдетілген деңгей): «Шетел тілі», «Дүниежүзі тарихы», «География», «Құқық негіздері» пәндерінен 10-11-сыныптарда 2 пән 2 сағаттан оқытылатын болды. – таңдау пәндері (стандарттық деңгей): «Физика», «Химия», «Биология» пәндері 10-11-сыныптарда 2 пән 2 сағаттан оқытылатын болды (ҚР Оқу-ағарту министрінің 18. 08.2023 ж. №264 бұйрығына 21,22 қосымшалар).

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша Жалпы орта білім берудің (төмендетілген оқу жүктемесімен) үлгілік оқу жоспарына сәйкес: – «Алгебра және анализ

бастамалары» пәнінің оқу жүктемесі 1 сағатқа көбейді; – таңдау пәндері (стандарттық деңгей): «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» пәндерінен 10-11-сыныптарда 2 пән 1 сағаттан оқытылатын болды (ҚР Оқу-ағарту министрінің 18. 08.2023 ж. №264 бұйрығына 21,22 қосымшалар).

Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің барлық пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын қолданады. Оқу бағдарламаларындағы өзгерістер тек 2-сыныпқа ғана қатысты, атап айтқанда: - 1-2-сыныптарда «Көркем еңбек» кіріктірілген пәнінің орнына «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндерін жеке оқыту жалғасады (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына 1, 2, 3-қосымшалар «Цифрлық сауаттылық» пәнін оқыту жалғасады (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына 1, 2, 3-қосымшалар).

Қазақ тілдерінде оқытатын 2-сыныпта «Орыс тілі» пәнін оқыту енгізіледі. Орта білім беру ұйымдарында білім беру процесі 5 күндік оқу аптасы бойынша жүзеге асырылады.

2023-2024 оқу жылында бастауыш білім беруге 191 сағат, негізгі орта білім беруге 312 сағат, жалпы орта білім беруге 134 сағат, барлығы 637 апталық жүктеме беріліп, бекітілген.

2022-2023 оқу жылы оқу мерзімі 36 аптамен, 2023-2024 оқу жылы оқу мерзімінің 34 апта болуына байланысты сабақ кестесі жасалып бекітілген. Кестеде аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, сыныбы көрсетілген. Сабақ кестесі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша берілген пәндер кестеде қамтылған. Сабақ

кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген.

Жалпы қорытынды: Жалпы 2022-2024жж аралығында 2 жылдық оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген. Оқу жоспары жыл сайын педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен бекітіліп отырған.

Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып, электронды «kundelik.kz» және «bilimclass.kz» пайдалану арқылы жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі сақталынған. Мектептің сабақ кестесі міндетті және факультативтік сабақтар үшін жеке жасалған. Факультативтік сабақтар міндетті сабақтардың барынша аз саны бар күндері жоспарланған. Сабақ кестесінде оқушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістің нормативі сақталған.

2022-2023 оқу жылы бойынша. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары; «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы негізінде ұзақ мерзімді жоспарлары (әдістемелік отырыста) талданып өзгерістер енгізілген.

Өзін-өзі бағалау барысында жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары kundelik.kz-те толтырылуы сәйкестендіріле отырып тексерілді. Оқу үдерісін ұйымдастыру оқу жоспары және сабақ кестесімен реттелген.

Оқушылардың оқу жүктемесінің максималды саны оқу аптасын ескере отырып, рұқсат етілген сағаттардың санына сәйкес. Оқу бағдарламасы инвариантты және вариативті бөліктен тұрады. Инвариантты бөлігі негізгі оқу жоспарына сәйкес жасалған Инвариантты және вариативтік оқу, таңдауы бойынша, белсенді – қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар ,барлық элементтері мемлекеттік бағдарламалармен қамтамасыз етілген. Оқу жоспарының барлық пәндерінде пән мұғалімдері күнтізбелік – тақырыптық жоспарлауды дайындаған. Ол сабақтардың күндерін, сабақ тақырыптарын, тақырыпқа сәйкес сағаттарының саны белгіленген. Оқу жоспарының инвариантты бөлімінен сағат саны Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сай бөлініп, оқытылған барлық сағаттар kundelik.kz-те толтырылған.

2023-2024 оқу жылы бойынша. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары; «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы негізінде ұзақ мерзімді жоспарлары (әдістемелік отырыста) талданып өзгерістер енгізілген.

Өзін-өзі бағалау барысында жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары «bilimclass.kz»-те толтырылуы сәйкестендіріле отырып тексерілді. Оқу үдерісін ұйымдастыру оқу жоспары және сабақ кестесімен реттелген.

Оқушылардың оқу жүктемесінің максималды саны оқу аптасын ескере отырып, рұқсат етілген сағаттардың санына сәйкес. Оқу бағдарламасы инвариантты және вариативті бөліктен тұрады. Инвариантты бөлігі негізгі оқу жоспарына сәйкес жасалған Инвариантты және вариативтік оқу, таңдауы бойынша, белсенді – қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар ,барлық элементтері мемлекеттік бағдарламалармен қамтамасыз етілген. Оқу жоспарының барлық пәндерінде пән мұғалімдері күнтізбелік – тақырыптық жоспарлауды дайындаған. Ол сабақтардың күндерін, сабақ тақырыптарын, тақырыпқа сәйкес сағаттарының саны белгіленген.

2024-2025 оқу жылы бойынша. «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2022 ж 09.09. №394 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) енгізілген өзгерістермен толықтырулар негізінде мектеп алды даярлық сыныбы үшін 3- қосымша алынды. ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 11-қосымша (ҚР ОА министрінің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі 2024 жылғы 8 ақпандағы № 27 бұйрығына 6-қосымша 1-4 кластар; (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығына енгізілген өзгертулер) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы № 323 бұйрығы 16-қосымша 5-9 кластар, 10-11 кластар үшін (ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 18.08.2023 № 264 бұйрығына енгізілген өзгертулер) , Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы № 323 бұйрығы қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша 21 -қосымша, жаратылыстану -математикалық бағыт бойынша 22- қосымша 10-11 кластар үшін төмендетілген оқу жүктемесімен педагогикалық кеңесте қаралып және ата -аналар комитетімен, қамқоршылық кеңестің шешім қабылданып жұмыс оқу жоспары әзірленді.

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген « Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемле кеттік жалпыға міндетті стандарттары»;

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2022 ж 09.09.№394 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) енгізілген өзгерістермен толықтырулар;

«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;

«2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты. БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесі шешімімен ұсынылды (2024 жылғы 10 маусымдағы №2 хаттама). Өзін-өзі бағалау барысында жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары «bilimclass.kz»-те толтырылуы сәйкестендіріле отырып тексерілді. Оқу үдерісін ұйымдастыру оқу жоспары және сабақ кестесімен реттелген.

Оқушылардың оқу жүктемесінің максималды саны оқу аптасын ескере отырып, рұқсат етілген сағаттардың санына сәйкес. Оқу бағдарламасы инвариантты және вариативті бөліктен тұрады. Инвариантты бөлігі негізгі оқу жоспарына сәйкес жасалған Инвариантты және вариативті оқу, тандауы бойынша, белсенді – қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар ,барлық элементтері мемлекеттік бағдарламалармен қамтамасыз етілген. Оқу жоспарының барлық пәндерінде пән мұғалімдері күнтізбелік – тақырыптық жоспарлауды дайындаған. Ол сабақтардың күндерін, сабақ тақырыптарын, тақырыпқа сәйкес сағаттарының саны белгіленген. Оқу жоспарының инвариантты бөлімінен сағат саны Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сай бөлініп, оқытылған барлық сағаттар bilimclass.kz -те толтырылған.

-білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының 2-3-4-қосымшалары Жалпы орта білім беру білім берудің барлық деңгейлеріне ортақ болып табылатын және білім алушы тұлғасының мінез-құлқы мен қызметін ынталандыратын өмірлік тұрақты бағдарлары болуға арналған білім алушылардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған.

2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары, Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019 жылғы 19 тамыздағы №252 бұйрығымен бекітілген Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары, ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы №248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері мен Абайдың «Толық адам» рухани мұрасында бейнеленген үйлесімді дамыған адамның ұлттық бейнесін дамытуды негізге ала отырып тәрбие жұмысы жоспарланған.

2024-2025 оқу жылынан бастап «Біртұтас тәрбие бағдарламасына» өзгертулер енгізген болатын. Өзгертілген бағдарлама бойынша жалпы ұжымға түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Әр жоба бойынша пән мұғалімдерін бұйрықпен бекітіп, тапсырма берілді. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша күнделікті, апта сайын, ай сайынғы жұмыстар жүргізіледі.

2024 – 2025 оқу жылдарында тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылған. Тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптар: отбасы, білім беру ұйымы, қоғамның жаппай қатысуымен кешенді түрде өткізілген. «Біртұтас тәрбие бағдарлама» бойынша:

Күнделікті атқарылатын іс-шаралар

- «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.
- «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.
- «Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу
- «Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау

Апта сайын атқарылатын іс-шаралар

- «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды
- «Апта дәйексөздері» – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері акпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады.
- «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу. Мектеп әкімшілігімен бірлескен жұмыс жоспары құрылып, хаттамалары жинақталған, жүйелі жұмыстар жүргізілген.

2022-2023 оқу жылы бойынша тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 2-3-4-қосымшалары жалпы орта білім беру білім берудің барлық деңгейлеріне ортақ болып табылатын және білім алушы тұлғасының мінез-құлқы мен қызметін ынталандыратын өмірлік тұрақты бағдарлары болуға арналған білім алушылардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған. 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылған. Тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптар: отбасы, білім беру ұйымы, қоғамның жаппай қатысуымен кешенді түрде өткізілген.

Тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізіліп, анықтамалары жинақталған. 4_mjobbm инстаграм желісіне жарияланған. Тәрбие бағыты бойынша кездесулер, семинар, «ашық есік» күндері, дөңгелек үстелдер өткізілген. Білім

алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағытталған. Ата-аналармен қоғамдастық байланысты жандандыру, алқалы басқару жүйесін жетілдіру негізінде ата-аналар кеңесі, отбасылық құндылықтарды қалыптастыру және бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін арттыру мақсатында «Бәйтерек» әкелер мектебі, «Зере» аналар мектебі құрылып, жүйелі жұмыстар жүргізілген. Сонымен қатар, «Жігер» ер балалар клубы, «Инабат» қыз балалар клубы, рухани адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасын қалыптастыру бағдарламасымен бекітілген моделді іс-шаралар жоспарына сәйкес, «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы, зиянды заттардың алдын алуға байланысты «Наркобекет» тобы, жас жол қозғалыс инспекторлар тобы құрылған. Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында “Мектеп парламенті” білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту Тұжырымдамасы негізінде, 2022 жылдың 22 қыркүйек күні, 2023 жылдың 17 қазан күні, 2024 жылдың 15 қыркүйек күні мектеп парламентінің сайлауы болып, мектеп парламенті құрылған. Мектеп әкімшілігімен бірлескен жұмыс жоспарлары құрылып, хаттама жинақталып, жүйелі жұмыстар жүргізілген. мектеп парламентінің сайлауы болып, мектеп парламенті құрылған. Мектеп әкімшілігімен бірлескен жұмыс жоспарлары құрылып, хаттамалары жинақталған, жүйелі жұмыстар жүргізілген.

«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы» Республикалық Қоғамдық Бірлестігі негізінде ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға сәйкес рухани дүниесі кең тұлғаны қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдерді қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу мақсатында «Жас Ұлан» ұйымы құрылып, 2022-2023 оқу жылында – 244, 2023-2024 оқу жылында – 234, 2024-2025 оқу жылында – 241 білім алушылар «Жас Ұлан» қатарында. Мектеп балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмысын ұйымдастырушы жетекші ретінде 2022-2023 оқу жылында аға вожатый Т.Муталив, 2023-2024 оқу жылының бірінші жарты жылдығында Д.Мухтарова, екінші жарты жылдығында А.Худайбергенова тағайындалған. 2024-2025 оқу жылында тәлімгер Шоңайова Жұлдыз Аманбайқызы. «Жас ұлан» ұйымының жұмыс жоспары бекітіліп, жүргізілген жұмыстарының ақпараттары жинақталып, инстаграм желісіне жарияланған. «Жас Ұлан» ұйымының жылдық жоспарлары, 7 бағытқа арналған папкалар, ұсыныс дәптерлері бар. 2022-2023 оқу жылында кеңес жеті бағыт бойынша жоспарлы жұмыс жүргізіп, Мәртөк аудандық ресурстық орталығымен ынтымақтастықта жұмыс жасаған. «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының туы, стендісі, гимні бар.

«Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы

Жылдар	Жас қыран	Жас Ұлан
2022-2023 оқу жылы	138	244
2023-2024 оқу жылы	129	234
2024-2025 оқу жылы	101	241

2022-2023, 2023-2024 оқу жылдар бойынша *мектептегі әлеуметтік-психологиялық қолдау қызметі* бойынша - 1 әлеуметтік педагог, 2 - педагог-психолог қызмет атқарады. 2024-2025 оқу жылдары бойынша *мектептегі әлеуметтік психологиялық қолдау қызметі* бойынша 1 - әлеуметтік педагог, 2 - педагог психолог, 1-логопед қызмет атқарады. Білім алушы, ата-ана, педагогикалық ұжым арасында тұрақты, сенімді қарым-қатынас орнатылып, қауіпсіз орта құрылған. Мектептегі әлеуметтік психологиялық ахуал қалыпты, білім алушылардың психоэмоционалдық мінез құлықтық өзгерістері үнемі бақыланып, психологиялық денсаулығын қалыптастыруда психологиялық қызметтің бағыттары бойынша жұмыстар жүйелі ұйымдастырылған. Мектептегі әлеуметтік – психологиялық қолдау бөлімі тексеріліп, әлеуметтік педагогтің жылдық жоспары, анықтамалары, тексеру актілері, барлық категориялар бойынша білім алушылардың құжаттары жинақталған. Мектепте «Сенім» телефоны, «сенім» жәшігінің жұмысы ұйымдастырылып, жауапты мамандар бекітілген, «сенім» жәшігі мектептің бірінші қабатында орнатылған. Әр апта сайын сенім жәшігі ашылып, акт толтырылып, түскен хаттарға жауап берілген. Келеңсіз жағдайлардың алдын алу мақсатында Мобилдік топ

құрылып, жұмыс жоспары мен құрамы бекітілген. Отырыстар өткізіліп, хаттамалар толтырылған.

2024-2025 оқу жылындағы педагог-психолог Ж.А.Шоңайованың қыркүйек айындағы атқарған жұмысына тоқталатын болсақ, ата-аналардың келісім парағы бойынша қол қою жұмыстары жасалып жатыр.

Диагностика бағыты бойынша: Н.Г.Лусканов әдістемесі 5 сынып оқушыларынан алынды.

Оған 5 “А” сыныбынан 17 оқушы сауалнама тапсырды, 1 оқушы сабақта болмады.

5 “Ә” сыныбынан 15 оқушы сауалнама тапсырды, 1 оқушы сабақта болмады.

Түзету-дамыту бағыты бойынша:

5 “А”, “Ә” сынып оқушыларымен орта буынға бейімделуіне жағдай жасап, тренинг жұмыстары жүргізілді.

Ата-анамен жұмыс: 5 сынып ата-аналарымен жиналыс өткізіліп, құқықбұзушылықтың алдын алу туралы түсіндірме жұмыстары өткізіліп, балалардың білім алуына жағдай жасау, психологиялық көмек көрсету, буллинг және кибербуллинг жағдайларын болдырмау және алдын алу туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Жасалған жұмыстар видеороликтері мектеп инстаграм парақшасында жарияланды.

Мектептің әлеуметтік төл құжаты бойынша 2022-2023 оқу жылында отбасы саны – 382 болған. Көпбалалы отбасы - 90, балалары – 173, толық емес отбасы саны – 21, балалары – 33, әкесі қайтыс болған – 7, анасы қайтыс болған – 0, ажырасқаны – 11, жалғыз басты ана – 2, аз қамтылған отбасы – 60, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы – 47, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушы – 1, өгей әкемен бірге тұратын – 5 білім алушы, өгей анамен тұратын – 0, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар саны – 5, денсаулығына байланысты үйден тегін жеке оқытылатын білім алушы саны – 0, 2022-2023 оқу жылдары бойынша кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде – 0, мектепшілік есепте тұрғандар – 0, мектепшілік есепке алынған білім алушы – 0, сәтсіз отбасы – 0.

2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 Қаулысы негізінде ата – аналардан өтініш қабылданып, 49 білім алушыға «Жалпыға міндетті білім беру» қоры аясында материалдық көмек көрсетуге 30000 теңге көлемінде бюджет қаражаты бөлінген. Мектеп асханасынан 1-11 класс арасында 60 оқушысы ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. 2023-2024 жылы «Жалпыға міндетті білім беру» қоры аясында материалдық көмек көрсетуге 405567 теңге көлемінде бюджет 63 оқушы қаражаты алды.

Әлеуметтік педагог, мектеп психологімен бірлесе отырып, ерекше білімді қажет ететін білім алушыларды «Шексіз шығармашылығы» республикалық байқауына 3 – білім алушының қатысуын ұйымдастырған.

2023-2024 оқу жылы бойынша көп балалы отбасы саны – 86, оның ішіндегі бала саны – 185, толық отбасы – 119, оның ішіндегі бала саны – 155, толық емес отбасы – 24, оның ішіндегі бала саны – 33, өгей әке – 5, оның білім алушы – 8, өгей ана – 0, қамқорлықта бала – 1, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар саны – 5, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар – 1, мектепшілік есепке алынған білім алушы – 1, сәтсіз отбасы – 0. Сынып жетекші, әлеуметтік педагог, психолог, мектеп әкімшілігі бірлескен өгей ата-анамен тәрбиеленетін, аз қамтылған, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың үйлеріне тұрмыстық зерделеу жұмыстары жүргізіліп, акт жасалған. 2023-2024 оқу жылында «Мектепке жол» акциясы мектеп мұғалімдері мен шағын кәсіп өкілдерінің қолдауымен белсенді түрде өткізілді. Мына оқушылар: Салимова Аружан, Салимов Ғалымжан, Абдулла Ескендір, Абдулла Есет, Лабақбаева Ақмарал, Лабақбай Ернұр, Еркеғалиұлы Айәділ, Еркеғалиұлы Жанәділ мектепке қажетті құралдар-жабдықтармен қамтамасыз етілді. Дауленов Алдиярға спорттық киім, ақ футболка, құрал-жабдық берілді. Лабақбаева Жаннұрға мектеп формасы мен аяқ киім берілді. Итешбаев Қуатбек мектеп формасы мен сабаққа қажетті құралдармен қамтылды. «Самұрық-Қазына» қорының компаниясы 1-сынып оқушыларынан 3 оқушыға мектепке қажетті құрал-жабдықтар салынған сөмке тарту етті. Мәртөк аудандық мәслихатының депутаттары Мәртөк ауданы бойынша жалпы республикалық “Мектепке жол” акциясын өткізіп, бүлдіршіндерге оқу жылы қарсаңында мектеп құралдарымен қатар тәттілер сыйлап мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Мектептің әлеуметтік төл құжаты бойынша 2024-2025 оқу жылында. Жалпы отбасы саны: 229, көп балалы отбасы саны – 83, толық емес отбасы саны - 22, әкесі қайтыс болған - 0, анасы қайтыс болғандар - 0, азаматтық отбасы - 34, атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы - 0, жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған білім алушы - 0, өгей әкемен бірге тұратын - 3, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар саны - 7, денсаулығына байланысты үйде тегін жеке оқытылатын білім алушы саны - 1, 2024-2025 (қыркүйек айы бойынша) оқу жылдары бойынша кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде - 0, мектепшілік есепте тұрғандар - 0, мектепшілік есепке алынған білім алушы - 0, сәтсіз отбасы - 0.

Республикалық «Мектепке жол» акциясын Ақтөбе облысының білім басқармасының 2024 жылғы 15 шілдедегі №01-14/2288 хаты негізіне алынып «Мәртөк ауданының білім бөлімі» ММ-нің «Мектепке жол» жалпы республикалық қайырымдылық акциясын ұйымдастыру және өткізу бойынша Мәртөк ауданының іс-шаралар жоспарына сәйкес мектепшілік жоспар құрылды. «Мектепке жол» республикалық акциясы мектеп оқушыларын жалпыға бірдей міндетті біліммен қамтамасыз ету мақсатында өткізіледі.

Қазақстан Республикасының әрбір азаматы халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларды мектепке дайындауда атаулы көмек көрсетуде азаматтық белсенділік таныта алады, әрбір балаға шынайы қамқорлық пен назар аудара алады.

Акцияның мақсаты – аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезінде материалдық қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу.

Акция 2024 жылдың 1 тамыздан бастап, 30 қыркүйекке дейін жалғасады. Тамыздың бірінен бастап жалпы 27 оқушыға 454000 теңге көлемінде көмек көрсетілді жеке кәсіпкерлер мен ұстаздардың атынан. Атап айтсам аудандық мәслихат депутаттары атынан 5 оқушыға оқу құралдар мен сөмке, «Білмді ұрпақ болашақ кепілі» қайырымдылық акциясы бойынша 4 оқушы, мектебіміздің жас маманы М.Е.Тілектесов 3 оқушыға оқу құрал алып берді. А.С.Уакбаев мектебіміздің 6 оқушысын сабаққа киетін киім кешекпен қамтыды. К.С.Баймұратова 9 оқушыға сабаққа керек оқу құралдар мен сөмке сыйлады. Акция туралы мәліметтер мектеп парақшасына жарияланып аудандық білім бөліміне ақпарат әр апта сайын жіберіліп отырылады.

2020 жылғы 24 сәуірдегі 158 бұйрықтың 13 қосымшаны негізге ала отырып №4 Мәртөк жалпы орта білім беретін мектебінің жекелеген санаттағы 34 оқушысы 43407 теңге көлемінде қаржылық көмек алғанды. Қаржылық көмек алушы ата-ана 15 күн ішінде берілген соммаға сәйкес мектеп формасы және оқу-құралдарын алғандығы туралы түбіртектер тапсырды

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» № 591 Заңы (өзгерісі 01.04.2019ж. № 240-VI) негізге ала отырып, 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты мектепшілік алдын алу кеңесі құрылып, жергілікті полиция бөлімімен бірлескен жұмыс жоспарлары құрылып, отырыс хаттамалары жинақталған. 2022-2023, 2023-2024, оқу жылдары бойынша жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алуға байланысты мектепшілік тәртіп сақшылар тобы құрылған.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» №18 бұйрығы негізінде оқу-тәрбие процесі шеңберіндегі қызметін үйлестіру бойынша сынып жетекшісіне жүктелген функцияларды айқындау мақсатында 2022-2023 оқу жылы бойынша сынып жинағы – 22, 2023-2024 оқу жылы бойынша – 22, 2024-2025 оқу жылы бойынша - 22 сынып жетекші тағайындалған. 2022 жылдың 28 тамыздағы мектеп директорының №157 бұйрығына сәйкес, сыныптарғы тәрбие жұмысын жүзеге асыру үшін 22 сынып жетекшілер тағайындалған. 2022-2023 оқу жылында 7 сынып жетекші «Буллинг – себептері, формалары, алдын-алу» тақырыбында біліктілікті арттыру курсынан өткен. 2022 жылдың 28 тамыздағы мектеп директорының «Сынып жетекшілер, бірлестік жетекшілерін бекіту туралы» №157 бұйрығы негізінде бірлестік жетекшісі болып Буркутова Жанылсын тағайындалған. 2024 жылдың 6 қыркүйектегі мектеп директорының «Сынып жетекшілерді» бекіту туралы» №227\1

бұйрығы негізінде бірлестік жетекшісі болып Абдуллина Қаракөз Сегізбайқызы тағайындалған. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары бойынша бірлестіктің жұмыс жоспарлары құрылып, уақытылы бірлестік отырысы өткізіліп, хаттамалары жинақталған. 2023-2024 оқу жылында сынып жетекші Талипова Балжан «Білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында біліктілікті арттыру курсынан өткен.

2024-2025 оқу жылы аудандық «Үздік сынып жетекшілер» сайысына Мусағалиева Фариза Сәкенқызы қатысып ІІІ орын алған алған.

2024 – 2025 оқу жылында жалпы білім беретін мектептердің директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары мен сынып жетекшілерге қосымша пайдалануға арналған қауіпсіздік сабақтары, жолда жүру ережелері сабақтарының QADAM оқу-әдістемелік құралы жарық көрді.

Сынып жетекшілердің сапалық құрамы

Жылдар	Сынып жетекшілер	Жоғары білімді	Арнаулы орта
2022-2022 оқу жылы	22	21	1
2023-2024 оқу жылы	22	21	1
2024-2025 оқу жылы	22	19	3

Сынып жетекшілердің біліктілік санаты

Жылдар	Модератор	Сарапшы	Зерттеуші	Шебер	Санатсыз
2022-2023	10	3	5	-	3
2023-2024	11	4	6	-	1
2024-2025	12	3	5	-	-

- білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;

2022-2023 оқу жылдарында тәрбие жұмысының мақсаты «Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу».

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес жұмыс жасайтын тәрбиелік жобалар тәрбие жұмысының негізге 8 бағыты бойынша жүзеге асырылған.

2024-2025 оқу жылындағы тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, №4 Мәртөк ЖОББМ – оқу-тәрбие процесі бірыңғай идеологиялық және құндылықтарға негізделіп ұйымдастырылған. Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар (сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.) және ұлттық құндылықтар – (тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр) құрайды. Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды оқушының жеке мәдениетіне, тұлғалық құндылығына айналдыру мақсатында отбасы-мектеп-оқушы үштігінің қатысуымен жылдық тәрбие жұмысын кешенді түрде жүргізу жоспарланған.

«Мектептің өзін-өзі басқаруы» жобасы білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының ажырамас бөлігіне айналған. Мектеп әкімшілігімен бірге жоспарлы іс-шаралар жүргізілген. Мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында «Дублер күні», «Ұстаздар – ұлы тұлғалар» атты мерекелік шара ұйымдастырылған. Қарттар күні

қарсаңында ауыл қарттарына құрмет көрсетіп, мерекемен құттықтаған. Республика күніне жаппай гимн орындау челленджіне, «Дармарка» акциясына белсене қатысқан. Алтын күз мерекесіне орай 9-11 сынып оқушылары арасында «Арайлы алтын күз» тақырыбындағы Күз ханзадалар мен ханшайымдар байқауы өткізілген. Сайыс бойынша жеңімпаздар анықталып диплом және сертификаттар табысталған.

«Ұшқыр ой алаңы» жобасы зияткерлік тәрбие бағыты бойынша жүзеге асырылған. Мектепте «Nomad» дебат клубы құрылып, аудандық, облыстық сайыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болған. Жетекшісі А.О. Тныштыков. 2022-2023 оқу жылында Мәртөк ауданы «әкім кубогі» аудандық пікірсайыс турниріне белсенді қатысып, үздік нәтиже көрсеткені үшін А.Досанова мен М.Есімова алғыс хат алған. Қазақстан Республикасы оқу ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің Алғыс айту күніне арналған «Ризашылық – мейірімділік бұлағы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасы аясында өткізілген Ұлттық пікірсайыс турнирінің облыстық кезеңіне қатысқаны үшін «Саналы ұрпақ» фракциясы алғыс хатпен марапатталған.

2023-2024 оқу жылында Республика күніне орай өткен «Тұғыры биік тәуелсіз Қазақстан» атты мектеп оқушыларының аудандық пікірсайыс турнирінде «Саналы ұрпақ» фракциясы ІІІ орынға ие болған. Мәртөк аудандық білім бөлімі мен жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен, ауданымыздың жарқын болашағы жолындағы игілікті іс-шараға өзінің білімі мен ұшқыр ойын сынап, аудан әкімінің кубогы «Жастар – ел болашағы» атты пікірсайыс турнирінде «Креативті фракциясы» номинациясымен марапатталған және жетекшісі Тныштыков Әділбек Онгарбаевич «үздік төреші» номинациясымен, 15 000 теңге сертификатпен марапатталған. Саржансай жалпы орта білім беретін мектебінің 50 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған «Мектеп – кеше, бүгін, ертең» атты аудандық пікірсайыс турниріне белсенді қатысып, ІІІ дәрежелі дипломмен Көпберген Жансерік пен Сұлтамұратова Жанерке марапатталған.

2024-2025 оқу жылына «Біріңғай тәрбие бағдарламасының» негізінде «Ұшқыр ой алаңы» жобасы жұмысын жалғастырған. Бұйрық бойынша дебат клубының жетекшісін тағайындап жылдық жоспар құру тапсырылды. Дебат клубында 8-11 класс оқушыларының арасынан іріктелген 15 оқушы дебат клубының мүшелері атанған. Аптасына 2 рет дайындық сабағы жүргізеді.

2024 жылы 13 қыркүйек күні «Ұшқыр ой алаңы» мәдени білім беру жобасы аясында аудандық пікірсайыс турнирінде жүлделі І орын жеңіп алып, облысқа жолдама алған «Modern alash» фракциясы (Көпберген Жансерік, Джолдасбаева Әсел). Осы турнирге «Эволюция» фракциясы белсене қатысқаны үшін Султамұратова Жанерке, Худайбергенова Улдана марапатталды.

Мектепте «Оқуға құштар мектеп» оқу алаңы, буккросинг-кітап алмасу, білім алушылардың демалыс қарым-қатынас шығармашылық ортасы коворкинг жұмыс жасайды.

2022-2023 оқу жылы бойынша Ахмет Байтұрсынұлының 150 жыл мерейтойына арналған «Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылығы елге үлгі» тақырыбында мектеп оқушыларына кітап әлеміне саяхат жасалған. «Балалар әлемі» жобасы шеңберінде балалардың кітап оқу мәдениетін дамыту және ілгерілету, білім алушылардың оқу сауаттылығын арттыру мақсатында ұйымдастырылған Республикалық балалар оқулары байқауының аудандық кезеңінде 8 «Ә» класс оқушысы Сұлтан Айшабибі ІІІ орын, 7 «А» класс оқушысы Худайбергенова Улдана ІІІ орын, 6 «Ә» класс оқушысы Алтыбаева Жанар ІІІ орын, 4 «Ә» класс оқушысы Убайдулла Алтынбек ІІІ орынға ие болған. Сонымен қатар, 3 «А» класс оқушысы Сапарбаева Әсем мен 3 «Ә» класс оқушысы Жұмабай Ақерке Алғыс хатқа ие болған. «Кітаппен бірге өсеміз» атты тақырыпта 3-4 класс оқушыларына саяхат ұйымдастырылған. «Менің демалыстағы бір күнім» күзгі каникулда оқушылар өздері оқыған кітаптарымені бөліскен, сабақ басталар алдында 5-10 минут кітап оқу сияқты шаралар өткізілген. М.Әуезовтың 125 жылдығына орай «Мұхтар Әуезовтың мұрасы – халық қазынасы» тақырыбында танымдық сағат өткізілген. Оқырмандар жазушының өмірбаянымен, шығармашылығымен танысқан. Салимова Жанна мен Шонтыков Медет «Көксерек», «Жетім» шығармаларын баяндап берген. Ғ.Мұстафиннің 120 жылдығына орай әдеби сағат өткізілген. Оқушылар жазушы өмірімен танысып, шығармашылығына тоқталған. Түлкібай Гулден мен Базарбаева Нурасель «Шығанақ», «Дауылдан кейін» жазушы

жазған әңгімелерін баяндап берген. Аудандық балалар кітапханасының ұйымдастыруымен «Ымырттағы кітапхана» мәдени іс-шарасы өткен. Оқушылар ақын, жазушы Мұхтар Құрманалиннің 105 жылдығына орай «Ақынның жырлаған өлеңдері» әдеби сағатына, «Жұлдызды жорық» атты шығармасынан үзінді көрінісіне қатысқан. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында қысқы демалыс кезінде «Қазіргі отбасылық оқу дәстүрлері» шарасына оқушылар белсене қатысқан. 5 «Ә» сынып оқушылар арасында «Білім көзі - кітапта» сайысы өткізілген. Сайыстың мақсаты – оқушылардың ақыл, ой-өрісін дамыту, кітап арқылы жан дүниесін кеңейту. Республикалық «Абай әлемі» шығармашылық байқауының облыстық кезеңінде "Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін..." атты ақындар мүшәйрасы бағыты бойынша Есет Ерасыл ұлы ақынға өз өлең шумақтарын арнап, II орынға ие болған. Көктемгі демалыс кезінде "Әлем әдебиетін бірге оқимыз" тақырыбында мектеп оқушылары әлем әдебиетін оқуға белсене қатысқан. 1-класс оқушылары арасында «Кітап оқу арқылы өз болашағыңды жаса» тәрбие сағаты өткізілген. Мақсаты: кітапханамен таныстыру, кітап оқу қызығушылығын арттыру. Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдығына арнап ақын өлеңін мәнерлеп оқу челленджіне қатысқан. Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күніне орай «Кітап – білім қайнар көзі» тақырыбында оқушылар арасында кітапхана сағаты, Қазақстан халқы бірлігі күніне орай мектеп кітапханасында «Қазақ елі – татулық мекені» атты кітап көрмесі ұйымдастырылған. Жеңіс күніне орай «Сұрапыл соғыс жылдары» патриоттық тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Шара барысында оқушылар М.Әлімбаевтың «Мәншүк апа», «Біз кешегі солдаттар», «Әлия» өлеңдерін мәнерлеп оқыған.

2023-2024 оқу жылы 1-класс оқушыларына мектеп кітапханасына «Кітап әлеміне саяхат» ұйымдастырылған. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында балалардың кітап оқу мәдениетін дамыту, білім алушылардың оқу сауаттылығын арттыру мақсатында ұйымдастырылған Республикалық балалар оқулары байқауының аудандық кезеңінде Көпберген Жансерік III орын алған. Республика күніне орай «Қыран елім - Қазақстаным» кітап көрмесі ұйымдастырылған. 5 «Ә» сынып оқушылары арасында Мұзафар Әлімбаевтың 100 жыл толуына орай «Балалар әдебиетінің абызы» атты әдеби сағат өткізілген. Оқырмандар жазушының өмірбаяны мен шығармашылық жолымен танысып, «Көк тал көркі көшенің», «Кітап туралы ой», «Кітап – жеміс ағашы», «Ұқыпты оқушы» өлеңдерін мәнерлеп оқыған. Күзгі каникул уақытын тиімді пайдалану мақсатында Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларымен танысып, туындыларын жаттаған. 8 «Ә» класс оқушылары арасында Т.Ахтановтың 100 жыл толуына орай «Қаламының ұшында туған шығармалар» әдеби сағат өткізілген. Оқырмандар жазушының өмірбаяны мен шығармашылық жолымен танысып, «Қаһарлы күндер», «Боран», «Шырағын сөнбесін» шығармаларын оқып баяндаған. Қысқы демалыс кезінде «Кітап – ақылшы досымыз» дөңгелек үстел ұйымдастырылған. 5 «А» класс оқушылары арасында «Білім көзі - кітапта» атты викторина ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушылардың білім деңгейін көтеру, шапшаң ойлау қабілеттерін дамыту, кітап оқуды насихаттау. 14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күніне орай мектепке кітап сыйлау акциясы ұйымдастырылған. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Қ.Қасеновтың «Жау тылындағы бала» атты кітабын оқу челленджі ұйымдастырылған. І.Жансүгіровтің 130 жылдығына орай 9 «А» класс оқушылары арасында «Қазақ жырының Құлагері» атты әдеби сағат өткізілген. Орталық балалар кітапханасының кітапханашысы А.Култаева оқушыларды жазушының өмірбаянымен және шығармашылық жолымен таныстырған. Оқушылар өлең шумақтарын оқыған. Аудандық балалар кітапханасының ұйымдастыруымен өткен халық ақыны, айтыскер, жырау Нұрпейіс Байғаниннің шығармасынан үзінді жатқа оқу және жергілікті жазушының шығармасынан үзінді жаттап оқу бойынша, шығармасына иллюстрация салу бойынша 10 «Ә» класс оқушысы Есімова Мерей I орын, 9-класс оқушысы Джолдасбаева Асель II орын, 9 «Ә» класс оқушылары Жұмамаұрат Тәттігүл мен Аманова Ақтолқын алғыс хаттармен марапатталған. 23 сәуір - Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күніне орай «Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт» жобасы аясында 10 «Ә» класында «Бәрін таста да, кітап оқуды баста» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілген. «Оқуға құштар жобасы» аясында оқушылардың оқу мәдениетінің деңгейін және олардың оқу белсенділігінің өсуін арттыру, жас ұрпақ бойынша азаматтық, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мақсатында мектеп оқушылары аудандық кітапханаға саяхат жасаған.

«Балалар кітапханасы» жобасы оқу алаңы, буккросинг кітап алмасу білім алушылардың демалыс қарым-қатынас шығармашылық ортасы буккросинг бұрышы жұмыс жасаған. «Балалар кітапханасы» жоба аясында мектеп кітапханасы биыл да жаңа әдеби кітаптармен толықтырылған.

Қазақстан жазушылардың, шетел классика кітаптары және де балаларға арналған қызықты ертегілермен кітап сөрелері толған. Мектебімізде «Балалар кітапханасы» жобасы аясында әр класс жетекші бекітілген кластарында “Оқуға құштар бол” бұрышын жасақтап жатыр. Оқушылар қалаған кітаптарын электронды нұсқада танысқан. 2024-2025 оқу жылында мектеп кітапханасына инстаграм желісі ашылды. Алдағы уақытта атқарылған әр шараны көрсетілген парақшаға салып отырады.

2022-2023 оқу жылында «Отбасы –мектеп» жобасы бойынша «Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігі» тақырыбында 4-класта өткен ата-аналар жиналысында баяндама оқылған. Мектеп психологтары ата-аналар арасында қарым-қатынас нығайту, отбасы құндылықтарын және кез-келген жағдайда қолдау көрсету мақсатында «Амандасу», «Құпия арал», «Жақсы тілек» тренингтерін өткізілген. Дәстүрлі емес форматта ата-аналар жиналысы ұйымдастырылған. Ата-аналар әр пән мұғалімдерімен жеке кездесіп, балалары туралы толық ақпарат алуға мүмкіндік жасалған. «Әке – асқар тау» әкелер форумы өткізілген. 3 кезеңнен тұратын форумның екінші кезеңінде «Мен өз баламды қаншалықты танимын?» тақырыбында тренинг, «Бір отбасының әкесі болма, елдің әкесі бол» тақырыбында көңілді қимылдар ойыны өткізілген. «Бала мен ата-ананың қарым-қатынасы» тақырыбында ата-аналардан сауалнама алынған. «Жасөспірімдер арасындағы суицидтің, ерте жүктіліктің және кәмелетке толмағандарға қатысты құқықбұзушылықтың алдын алу» ата-аналармен онлан форматта түсіндіру жұмысы өткізілген. Ата-аналар комитетінің төрағаларының қатысуымен ата-аналар жиналысы өткізілген. жиналыс соңында суға шомылу және дала өртін алдын алу бойынша іс-шаралар жоспарына байланысты ата-аналарға түсіндірмелі жүргізіліп, жаднамалар таратылған. 2023-2024 оқу жылында 1 «Ә» класында «Ата-ана бақыты - бала» тақырыбында алғашқы ата-аналар жиналысы өткізілген. 1-сынып ата-аналарына «Ата-ана – бала тәрбиесінде басты тұлға» тақырыбындағы жиналыс өткізілген. Салауатты өмір салтын дәріптеу, ата-аналармен қарым-қатынасты нығайту мақсатында ата-аналар арасында марафон өткізілген. 2023-2024 оқу жылы бойынша «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КеАҚ Ғылыми-әдістемелік Кеңесінің 2023 жылғы 15 тамыздағы №4 хаттамасы сәйкес «Ата-аналар мектебі» жобасы бекітіліп жоба аясында АПҚО (ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы) құрылып орталық жанында «Даналық» мектебі құрылған. 2023-2024 оқу жылынан бастап балаларды тәрбиелеу мен дамытуда «Ата-аналарды немесе заңды өкілдерді педагогикалық қолдау» бойынша әдістемелік ұсынымдар балаларды оқыту және тәрбелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналарымен қарым-қатынас күшейту, берекелі отбасы мәдениетін дамыту мақсатында ата-аналар қауымымен бағытталған «Даналық мектебі» ашылған. «Біртұтас тәрбие – құндылықтар жүйесі» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы өткізілген. 5-класс ата-аналарына тоқсандық қорытындылау жиналысы өткізілді. Жиналыс барысында мектеп психологы «Көңілді кубик» тренинг, әлеуметтік педагог өрт қауіпсіздігі, балалық шақты қорғау және оң тәрбие мәселелеріне баса назар аудара отырып, «Отбасы және бала тәрбиесі» тақырыбында ақпараттар беріп, сауалнама алынған. Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында

ата-аналардың қатысуымен мектепте кезекшілік ұйымдастырылған. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының» жоспарына сәйкес, «Көркем мінез – баға жетпес байлық», «Әрбір бала – жарық жұлдыз», «Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу», «Отбасы – бақыт бесігі», «Баланың бас ұстазы – ата-ана» тақырыптарында сабақтар өткізілген. Мәртөк ауданының сотының қатысуымен жалпы ата-аналар жиналысы болған. Жиналыста кәмелетке толмаған жасөспірімдерге отбасылық бақылау, ата-аналар жауапкершілігі туралы айтылған. 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай «Ана – өмірдің гүлі» тақырыбында аналардың қатысуымен тәрбие сағаты өткізілген. Әкелердің қатысуымен әкесі мен қызы арасында вальс биі ұйымдастырылған. 12 мамыр – Аналар күні және 15 мамыр – Отбасы күніне орай аналар арасында мектепшілік волейбол жарысы өткізілген. Жарысқа 3 команда қатысқан. Мақсаты – мектеп пен ата-ана арасындағы қауымдастықты нығайту, салауатты өмір салтын насихаттау.

Оқу жылының аяғында 11-класс ата-аналары үшін жиналыс болып, түлектердің қауіпсіздігі соның ішінде жол-көлік қауіпсіздігі, ақша жинауға, салтанатты іс-шаралар, банкеттер ұйымдастыруға тыйым салатындығы туралы айтылған.

«Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы бойынша 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары білім алушылардың қауіпсіздік шараларының және құқық бұзушылықтың алдын алуға мақсатында «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ», «Бала құқығы – адам құқығы» онкүндіктері, «Бала құқықтары туралы конвенция - мен оны білемін бе?», «Кішкентай баланың үлкен құқықтары», «Құқықтар мен міндеттер еліне саяхат» құқықтық білім беру сабақтары, “Жасөспірім. Құқықбұзушылық. Жауапкершілік” бірыңғай сынып сағаттары өткізілген.

2022-2023 оқу жылында Мәртөк аудандық ІІБ басшысының тергеу ісі жөніндегі орынбасары полиция майоры Ерғалиев Айбат Мирболатұлы жоғарғы класс оқушыларына құқықтарын қорғау үшін заңнамаға енгізілген өзгерістер туралы, сондай ақ қай жастан қылмыстық жауапкершілік басталатыны, есірткі заттарын тұтынудың денсаулыққа тигізетін зияны туралы, сонымен қатар қылмыстың құрбаны болып қалмау және өз құқықтарын қорғау үшін қайда жүгіну қажет екенін атап өтті. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында 11-класс оқушыларымен кездесу өтті. Кездесуге Мәртөк аудандық полиция бөлімінің учаскелік полиция инспекторы, полиция лейтенанты Утаралин Куаныш Амангельдиевич құқық бұзушылықтың алдын алу туралы профилактикалық әңгімеде кәмелетке толмағандарға түнгі сағата 23:00 ден кейін жүрмеу, электронды темекі шекпеу, сабақтан себепсіз қалмау, мектеп формасы, бопсалау, қорқыту туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізген. Мәртөк аудандық, полиция бөлімінің ЖПҚБ әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы полиция лейтенанты Қ.Ж.Берқалы 10-класс оқушы қыздарына «Қыз өссе – елдің көркі» атты тақырыпта қыздар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша ақпараттандыру жұмыстарын жүргізген. Мәртөк аудандық ІІБ кімелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторы полиция капитаны А.Б.Эринбетова 9-11 класс арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізген. Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 442, 441, 434, 440-баптарымен таныстырған.

«Дәстүр мен ғұрып» жобасы бойынша 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары «100 жаңа есім», «Ұлттық ойындар», «Ұлттық қолөнер», «Қазақтың салт-дәстүрлері» тақырыптарында сынып сағаттары ұйымдастырылған. «Асық» ойыны тақырыбында кластан тыс сабақ өткізілген. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Ұлттық бірегейлікті сақтау» бағытын жүзеге асыру мақсатында «Асығың алшысынан түссін» асық жинау акциясы ұйымдастырылған. Қазақ қызының бойындағы ұлттық дәстүрімізге сай қасиеттерге бағыт-бағдар бере отырып, олардың бойында қарапайымдылық, әдемілік, инабаттылық, парасаттылығын көрсету мақсатында «Мектеп аруы» сайысы ұйымдастырылған. Ұлттық құндылығымызды насихаттап, ұмытылып бара жатқан «Асық ату» ойынын жаңғырту мақсатында Наурыз мерекесі қарсаңында аудан мектептері арасында турнир өткізілген. Халқымыздың әдет-ғұрып, салт-дәстүрі жас ұрпақты адамгершілікке, жақсылыққа үндеп, сана сезімін, дүниетанымын дамытуды көздейді. Осы мақсатта «Тыйым сөздердің тәрбиелеік мәні» ианымдық сағаты өткен. Ұлттық салт-дәстүрді насихаттайтын «Дәстүрге жол» қазақ аналары қоғамдық бірлестік мүшелері оқушыларға тәлім тәрбие беретін әңгімелер айтылған. Халықтың мәдени мұрасын сақтау, ұлттық ойындарды насихаттау, қазақтың ұлттық ойындарын білуге қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру, баланы асық ойынына баулу мақсатында «Төрт тоқсан – төрт өнер» ұлттық мәдени-ағарту жобасы аясында республиканың барлық аумағында бір уақытта ата-аналар, ұстаздар мен оқушылардың қатысуымен «Алтын сақа» республикалық челленджі өткізілген. «Төрт тоқсан - төртөнер» жобасы бойынша 3-тоқсан «Ұлттық өнер»болғандықтан «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» тақырыбында «Ұлттық өнер» көрме байқауы ұйымдастырылған. Көрмеге оқушылар тоқыма бұйымдарын, ағашты, сүйекті, былғарыны көркемдік өңдеу, ұлттық ою-өрнек элементтері бар жүннен, қағаздан, матадан, киізден жасалған ұлттық бояуы бар интерьер дизайн бар жұмыстарын тапсырған.

«Еңбек – елдің мұраты» жобасы табиғатты аялауға, қоршаған ортаның көркемдігін көруге баулу және экологиялық мәдениетін, эстетикалық тәрбиесін қалыптастыру мақсатында «Гүлдер әлемі» фестивалі ұйымдастырылған. «Табиғатта қоқысқа жол жоқ» атты жалпыұлттық

экологиялық акциясы аясында «Шын жүректен» волонтер тобы «Плоггинг» марафонын өткізген. «Ғажайып сурет – көркем еңбек әлемінде» тақырыбында іс-шара өткізілген. Адал еңбектің түбі береке екендігін ұғындыру мақсатында «Еңбек түбі - береке» тақырыбында сурет байқауы ұйымдастырылған. Көркем еңбек пәнінен «Өнерлі он саусақ» тақырыбында кластан тыс сабақ өтілген. «Мектепке гүл сыйлайық» акциясы аясында 1-класс оқушылары гүл отырғызып, өз үлестерін қосқан. «Табиғи ресурстарға үнемділік – болашаққа сенімділік» атты облыстық жобалар байқауынан III дәрежелі дипломмен Тынашев Еркебұлан марапатталған. «Құстар – біздің досымыз» құстарға ұя жасау акциясы ұйымдастырылған. Мақсаты: құстар туралы түсініктерін кеңейтіп, құстарды бақылап, қандай құс екенін ажырата білуге үйреніп, құстарға қамқор болуға баулу. Мектеп ұстаздары мен оқушылары Республикалық «Жасыл мекен» экологиялық байқауына қатысқан. «Жасыл мекен» челленджі көкемде көшет отырғызу арқылы қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауды дәріптеумен қатар, еңбекқорлыққа баулу, айналаны көгаландыру, абаттандыруға бастама. «Жасыл мекен» челленджі білім алушылардың бойында экологиялық мәдениетті қалыптасыруға, табиғат пен қоршаған ортаны құрметтеуге, адамдарға деген қамқорлық сезімін дамытуға бағытталған. Еңбек күні мерекелеуге арналған іс-шаралар негізінде өңірде «Адал азамат – адал еңбек» айдары аясында еңбек әулеттерімен кездесу ұйымдастырылған. Кездесу барысында құлпынай шаруашылығымен айналысатын Уақбай Сейсембай ағамызбен жақынырақ танысып, үлгі тұтарлық насихат алды. Кездесудің мақсаты жастарға еңбекке құштарлықты ояту, сондай-ақ кейінгі ұрпақты адал, таза еңбек етуге шақыру. «Кәсіпкерлікке қадам» жобасы аясында шебер класс сабақтары ұйымдастырылған. «Таза аула – таза ауыл» акциясына мектеп оқушылары белсене қатысқан. «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясының «Жасыл аймақ» акциясына мектеп түлектері, жастары мектеп ауласындағы түлектер алма бағына ағаштар отырғызып, аталмыш акцияға өз үлестерін қосты. «Таза Қазақстан» экологиялық акция аясында біртұтас тәрбие негізінде «Құстарға ұя сыйла» атты іс-шара ұйымдастырылған.

«Қоғамға қызмет» жобасы бойынша «Шын жүректен» волонтер тобы жаңа жыл қарсаңында өз қолдарынан «Kinder» сюрприз сыйлығын жасап ауданымыздың ерекше балаларына мерекелік көңіл күй сыйлаған. «Шын жүректен» волонтер тобы қарттардың ауласын қардан тазартып, алғыстарын алған. «Күшіміз бірлікте» Ақтөбе облыстық жастар мен балалар ұйымдарының қауымдастығы бастамасымен жасөспірім мен жастар арасында «Күшіміз бірлікте» атта акцияға белсене қатысқан. «Күшіміз бірлікте» ұранын ұстанып аудан тұрғындарының аула қарын тазалауға қатысқан. Мәртөк аудандық жастар ресурстық орталығы ұйымдастырған волонтер күніне арналған қайырымдылық акцияға белсене қатысқан. 5 желтоқсан Халықаралық волонтер күні қарсаңында мектеп тәлімгері Мухатрова Дария облыстық жастар респустық орталығының алғыс хатымен марапатталған. Облыстық «ULAGAT» қайырымдылық жобасы аясында қол көмек көрсету үшін үлкендердің ауласын қардан тазартып, көмектескен.

«Балалар және театр» жобасы бойынша ұлт зиялысы атанған «Ахмет Байтұрсынұлының тағдырынан сахналық көрініс қойылған. Ақын өмірін оқушыларға үлгі ете отырып, «Қырық мысалдан» үзінді қойылған. Мақсаты: өз елін сүйуге, оның көркеюіне үлес қосуға тәрбиелеу. Ы.Алтынсариннің «Алма ағаштары» әңгімесі бойынша сахналық қойылым қойылған. Мұқағали Мақатаевтың 93 жылдығына «Театр және балалар» жобасы аясында театрландырылған қойылым болған. Қойылымға М.Мақатаевтың «Қош, Махаббат!» пьесасы сахналанған. Аталған іс-шараның басты мақсаты – оқушылардың шығармашылық жұмыстарға белсенді араластырып, ақынның шығармалары мен әндерін орындай отырып, дарынды жастарды тәрбиелеу. Өнерге деген сүйіспеншіліктерін арттырып, рухани, адамгершілік және көркемдік дамуын қалыптастыру. Тағдыр тәлкегімен ата-анасынан айырылып, бауырларына қамқор болу жауапкершілігін өз мойнына алған «Әпке» драмасы театрландырылған қойылымы болған.

Білім алушыларды шығармашылыққа, салауаттылыққа баулу мақсатында білім алушылардың үйірме, секцияларға қатысуы:

Жылдар	Мектепшілік, үйірме, секцияларға қатысатын оқушылар саны	%	Мектептен тыс үйірме, секцияларға қатысатын оқушылар саны	%	Барлық (мектепте, мектептен тыс) үйірмелерге қатысатын оқушылар саны	%
2022-2023						
2023-2024						
2024-2025	79	22%	94	25%	173	46%

2024-2025 оқу жылы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтарындағы №77 Қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдар тізбесінің» 8 тарау «Барлық білім беру ұйымдарына ортақ жекелген лауазымдар бойынша білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі шарттарының 29 тармақшасы негізінде мектепте көркем-эстетикалық, әлеуметтік – педагогикалық, туристік-өлкетану, экологиялық, зияткерлік, спорттық-сауықтыру және әскери патриоттық тағы басқа түрлері үйірмелер жұмысын ұйымдастыру мақсатында төмендегі мұғалімдерге тарифтік бірліктермен жүктеме берілген.

1. Ж.Қ.Отарғалиев Ұлттық спорт түрлері (Тоғызқұмалақ, асық ату, бес тас) (0,25)
2. Б.Каламгазин «Шахмат» (0,25)
3. Е.Байбосынов «Футбол» (0,25)
4. Б.Оразбаев «Волейбол» (0,25)
5. Т.Жиенбаев «Баскетбол» (ұл балалар) (0,25)
6. Н.Қарабалаев «Үстел теннисі» (0,25)

Сабақтан тыс өткізілген қосымша үйірмелерге қатысым:

Дебат-15 бала, «Мектеп театры»-24 бала, «Шахмат»-12 бала, «Асық ату»-20 бала, «Бес тас»-17 бала, «Футбол» 28, «Баскетбол» 23 бала «Волейбол»- 40 бала. «Үстел теннисі» 13 бала. Мектепшілік тәрбие бағытындағы үйірмеге қатысым: 192 бала 52%.

білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейлері);

Зерделеу нәтижесі бойынша: 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктері ескеріліп 10-11-сынып оқушылары жаратылыстану-математикалық бағытты таңдалған. Оқу жылында білім алушылардың өтініштері бойынша қажеттіліктері ескеріліп бейінді оқыту іске асырылған. 2022-2023 оқу жылында тереңдетілген және стандарттық деңгейдегі пәндерді таңдауда 10-11-сыныптарда оқушылардың таңдауы бойынша, 10а мен 10ә және 11а мен 11ә сыныптарындағы оқушылар таңдаған пәндері бойынша топтасып оқыған. 10 а, 11а сыныптардағы тереңдетілген деңгейде 3 сағаттан 2 пән (физика, география), Стандарттық деңгейде 1 сағаттан 2 пән (дүние жүзі тарихы, құқық негіздері) таңдау пәндері жүргізілген. 10ә, 11ә сыныптардағы тереңдетілген деңгейде 2 сағаттан 2 пән (дүние жүзі тарихы, құқық негіздері), Стандарттық деңгейде 2 сағаттан 2 пән (физика, биология) таңдау пәндері жүргізілген. Оқушылардың бағыты бойынша вариативтік компонент бөлігіндегі таңдау пәндері 10«А», 10«Ә», 11«А» кластарында «Әлемдік география» курсы, 10«А», 10«Ә» кластарында «Физикадан күрделі есептерді шығару» курсы мен механика туралы толық мағлұмат беру, зерттеу арқылы білімдерін тереңдету мақсатында «Механика негіздері» курсы, оқушылардың пәнді меңгеруге деген белсенділігін, ғылымға қызығуын ояту үшін «Сандық есептер шығару», оқушылардың компьютерлік сауаттылығын арттыру, Word, Excel бағдарламаның барлық мүмкіндіктерін терең меңгерту мақсатында «Windows офистік өнімдері» курсы, тарихи тұлғалардың біздің Отанымыздың дамуына қосқан зор үлесінің маңыздылығын білуге үйрету үшін «Тарихи тұлғалар» курсы, білімді, бәсекеге

кабілетті, функционалдық сауатты, алған білімін шынайы өмірде өзін-өзі жүзеге асыруға қолдана білетін тұлғаны тәрбиелеу мақсатында «Математикалық сауаттылық» курсы аптасына 1 сағаттан оқытылады. 10«А», 11«А» кластарында «Абайтану» және оқушыларды ойлау еңбегіне дағдыландыру, ізденіске жетелеу, жазбаша көркем тілін дамыту мақсатында «Эссе жазу әдістемесі мен теориясы» элективті курстары аптасына 1 сағаттан оқытылады. 11«А», 11«Ә» кластарында Қазақстан тарихы пәніне қызығушылығы бар оқушылардың шығармашылық дамуына, логикалық ойлау жүйесін құбылыстардың тарихи процестермен өздеріне тән белгілері мен сипаттарын анықтау мақсатында «Қазақстан тарихынан ҰБТ-ға дайындық» курсы және Қазақстан Республикасының белсенді білікті азаматтарын тәрбиелеу мақсатында «Құқық мәдениеті» курсы, бейорганикалық химия қазіргі кездегі ең ірі химияның саласы екендігін көрсете отырып, органикалық химияның адам өміріндегі маңызын түсіну үшін «Бейорганикалық және органикалық химия есептерін шығару» курсы аптасына 1 сағаттан оқытылады.

2023-2024 оқу жылында білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асырған. Тереңдетілген және стандарттық деңгейдегі пәндерді тандауда 10-11-сыныптарда оқушылардың таңдауы бойынша, 10а мен 10ә, 11а мен 11ә сыныптарындағы оқушылар таңдаған пәндері бойынша топтасып оқыған. 10а,11а сыныптардағы Тереңдетілген деңгейде 3 сағаттан 2 пән (физика,биология), Стандарттық деңгейде 1 сағаттан 2 пән (дүние жүзі тарихы, құқық негіздері) таңдау пәндері жүргізілген.10ә,11ә сыныптардағы тереңдетілген деңгейде 2 сағаттан 2 пән (дүние жүзі тарихы,география), Стандарттық деңгейде 2 сағаттан 2 пән (физика,биология) таңдау пәндері жүргізілген.

Оқушылардың жаратылыстану – математика бағыты бойынша және басым бөлігінің болашақ мамандықтарына дайындау мақсатында және сұраныстары негізінде таңдау пәндерінен білімдерін кеңейту үшін вариативтік компонент бөлігіндегі таңдау пәндері 10«А», 10«Ә», 11«А» кластарында "Әлемдік география" және «Әлемнің экономикалық географиясы» курсы қазіргі әлемдегі аймақтар мен елдерді оқу барысында оқушылардың экономикалық-географиялық,саяси-географиялық, дүниедүзілік шаруашылық туралы жан-жақты географиялық білім беру мақсатында аптасына 1 сағаттан оқытылады. 10«А», 10«Ә» кластарында «Ұлы дала тарихы» курсы және «Қазақ халқының қалыптасу тарихы» курсы тарихи ғылыми еңбектерді талдап, салыстырып, қорытынды жасау қабілеттерін дамыту мақсатында аптасына 1 сағаттан оқытылады.

10«А», 10«Ә»,11«А», 11 «Ә» кластарында «Абайдың қара сөздері» курсы Абайдың қара сөзін насихаттау, оқушылардың бойына сіңіру, сөз мәдениетін қалыптастыру мақсатында аптасына 1 сағаттан оқытылады.

10 «А» класына «Сандық есептер шығару» курсы есептерді үйрету мақсатында аптасына 1 сағаттан оқытылады.

11«А», 11«Ә» кластарында «Тарихи тұлғалар» курсы және «Қазақ елінің тарихы» курсы тарихи білім мен дағдыларды шығармашылықпен қолдана алатын тұлға қалыптастыру мақсатында аптасына 1 сағаттан оқытылады.

11 «А» класына « **Эссе жазу әдістемесі мен теориясы**» курсы жазбаша көркем тілін дамыту мақсатында аптасына 1 сағаттан оқытылады.

2024-2025 оқу жылында білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асырған. Тереңдетілген және стандарттық деңгейдегі пәндерді тандауда 10-11-сыныптарда оқушылардың таңдауы бойынша, 10а мен 10ә, 11а мен 11ә сыныптарындағы оқушылар таңдаған пәндері бойынша топтасып оқыған. 10а,11а сыныптардағы тереңдетілген деңгейде 3 сағаттан 2 пән (физика,биология), Стандарттық деңгейде 1 сағаттан 2 пән (дүние жүзі тарихы, құқық негіздері) таңдау пәндері жүргізілген.10ә,11ә сыныптардағы тереңдетілген деңгейде 2 сағаттан 2 пән (дүние жүзі тарихы-құқық негіздері,география- дүние жүзі тарихы), Стандарттық деңгейде 2 сағаттан 2 пән (физика-химия,биология-физика) таңдау пәндері жүргізілген.

Оқушылардың жаратылыстану – математика бағыты бойынша және басым бөлігінің болашақ мамандықтарына дайындау мақсатында және сұраныстары негізінде таңдау пәндерінен білімдерін кеңейту үшін вариативтік компонент бөлігіндегі таңдау пәндері

10«А», 10«Ә», 11«А» кластарында "Әлемдік география" және «Әлемнің экономикалық географиясы» курсы қазіргі әлемдегі аймақтар мен елдерді оқу барысында оқушылардың экономикалық-географиялық, саяси-географиялық, дүниеүзілік шаруашылық туралы жан-жақты географиялық білім беру мақсатында аптасына 1 сағаттан оқытылады. **10«А» класына** тарихи тұлғалардың біздің Отанымыздың дамуына қосқан зор үлесінің маңыздылығын білуге үйрету мақсатында **«Тарихи тұлғалар» курсы** және **10«Ә» класына** адам тіршілігі үшін табиғаттың маңызы, адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынас және оның әлеуметтік жағдайға тәуелділігі жайындағы ұғымдардың негізінде оқушыларға экологиялық білім беру мақсатында.

«Әлемдік география» курсы аптасына 1 сағаттан оқытылады.

10«А», 11«А» кластарында «Абайдың қара сөздері» элективті курсы, 10«Ә», 11 «Ә» Абайдың қара сөзін насихаттау, оқушылардың бойына сіңіру, сөз мәдениетін қалыптастыру мақсатында аптасына 1 сағаттан оқытылады.

10 «А» класына «Химиядан сандық есептер шығару» бейорганикалық және органикалық химиядан алған білімдерін қорытындылау, пысықтау мақсатында аптасына 1 сағаттан оқытылады. **10«Ә» класына** оқушылардың экологиялық білімдерін тереңдете отырып, оларды шығармашылықпен ойлауға, өз бетінше шешім қабылдауға үйрету мақсатында **«Экология және қоршаған орта»** курсы аптасына 1 сағаттан оқытылады.

11«А», 11 «Ә» кластарына Экономикалық географияда дүниежүзіне жалпы шолу жасап, әлеуметтік географияның басты мәселелері, оның экологиялық жағдайы қарастыру мақсатында **«Әлемнің экономикалық географиясы» курсы** аптасына 1 сағаттан оқытылады.

11«А» класына оқушыларға Қазақ хандығының негізін қалаған хандардан бастап қазақ өлкесінде хандық билік жойылғанға дейінгі аралықта билеген хандар туралы білім беру мақсатына **«Қазақ хандары»**, 11 «Ә» класына мәтін талдауды жүйелі меңгерген, талдау әдістерін білетін, ұлттық санасы оянған дара тұлға қалыптастыру. Оқушыны кешенді тестілеуге жүйелі түрде дайындау, әдеби теориялық негіздерін меңгерту, мәтін мазмұнын жан жақты талдай білу мақсатында **«Оқу сауаттылығы» курсы** аптасына 1 сағаттан оқытылады.

11«А» класына ҰБТ да кездесетін күрделі тақырыптарды меңгеру және қиындық деңгейі жоғары есептерді шығаруды үйрену арқылы жоғары сынып оқушыларының ҰБТ ға дайындығын жақсарту мақсатында **«Химиядан ҰБТ да кездесетін күрделі тақырыптарды талдау» курсы**, 11 «Ә» класына қазақтың бойтұмары болған Абайдың қара сөзін насихаттау, оқушылардың бойына сіңіру, сөз мәдениетін қалыптастыру мақсатына **«Абайдың қара сөздері» курсы** аптасына 1 сағаттан оқытылады.

Жұмыс оқу жоспарына сәйкес сабақ кестесі жасалып бекітілген. Сабақ кестесі bilimclass.kz платформасында инварианттық оқу жүктемесіндегі пәндер негізгі сабақ кестесіне, вариативтік компоненттегі пәндер қосымша білім беру бөліміндегі сабақ кестесіне бөлек жазылған. Оқу бағдарламалары әзірленіп, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары электронды журналға салынған.

Білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру.

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту мәліметі

Оқу жылдары	Үйде жеке тегін оқытыл оқушылар саны			Инклюзивтік оқытылған оқушылар саны			Барлығы
	1-4кл	5-9кл	10-11кл	1-4кл	5-9кл	10-11кл	
2022-2023оқу жылы	0	0	0	3	1	0	4
2023-2024оқу жылы	0	0	0	2	3	0	5
2024-2025оқу жылы	0	0	0	4	3	0	7

Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың есепке ала отырып жұмыс оқу жоспарлары жасалып, оқу бағдарламалары мен сабақ кестесі әзірленіп, бекітілген. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесі ұйымдастырылған.

Білім алушылардың білім алуы, даму бұзушылықтарының түзетілуі және әлеуметтік бейімделуі үшін қажетті жағдайлар жасалған

Инклюзивтік білім беру туралы:

2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында ҚР «Білім туралы» Заңының 11 бабы 14 тармақшасы негізінде және ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалардың білім алуға деген құқығын іске асыру, олардың барынша дамуына, әлеуметтенуіне жағдай жасау және жан-жақты қолдау көрсету мақсатында білім алушылардың жеке психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындыларына сәйкес 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНДА 4 ОҚУШЫ БІЛІМ АЛУШЫ, 2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНДА 5 оқушыға инклюзивті білім берілген. Білім алушылардың жеке психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындыларына сәйкес жалпы білім беру бағдарламасымен жеке қолдау арқылы білім алуы қамтамасыз етілген.

2022-2023 оқу жылында ерекше білім беру қажеттілігі бар 4 білім алушы білім алған.

- | | | | |
|-----------------------------------|-----------|--------------|--------------|
| 1. Жантекей Харажан Мухибат Ахжол | 9 Ә сынып | ПМПК № 24092 | 15. 09.2022ж |
| 2. Назарбай Сүндет Маратұлы | 4 Ә сынып | ПМПК № 24106 | 15.09.2022ж |
| 3. Абдулла Есет Түркменбайұлы | 1 А сынып | ПМПК № 22637 | 16.03.2022ж |
| 4. Исатай Жұмаш Сүндетуллаұлы | 1 Ә сынып | ПМПК №24669 | 23.11.2022ж |

2023-2024 оқу жылында ерекше білім беру қажеттілігі бар 5 білім алушы білім алған.

- | | | | |
|-------------------------------|-----------|--------------|-------------|
| 1. Абдулла Есет Түркменбайұлы | 2 А сынып | ПМПК № 24966 | 29.03.2023ж |
| 2. Исатай Жұмаш Сүндетуллаұлы | 2 Ә сынып | ПМПК №25930 | 14.09.2023ж |
| 3. Жұмабаев Нұрасыл Еркемұлы | 5 А сынып | ПМПК № 25921 | 13.08.2023ж |
| 4. Аманов Әлихан Заманбекұлы | 5 Ә сынып | ПМПК № 25917 | 13.09.2023ж |
| 5. Бекбусынов Амир Ильдарович | 5 Ә сынып | ПМПК №26099 | 03.11.2023ж |

2022-2023 жылдар аралығындағы мектептің ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастырудағы атқарған жұмыстары төмендегідей:

Білімге деген сұраныстары ерекше оқушылармен жұмыс істейтін мұғалімдер оқу процесінде жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын қажетіне қарай бейімдеп, сабақты білімге деген сұраныстары ерекше балаларды оқытудың жеке тәсілдерін сабақтарында қолданып отырған. Сабақтарында пән мұғалімдері білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауда өзгермелі жеке әдіс- тәсілдерді қолданып жеке қолдау арқылы бағалап отырады.

Педагог-психологтары Р.Тулепбергенова, Ж.Диналиева, әлеуметтік педагог Арыстан Д. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығымен бекітілген “ Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидалары”- на сәйкес психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасын құрып, балалармен жеке жұмыс жасауда. Мектептің әлеуметтік педагогы Д.Арыстан ерекше білім беруді қажет ететін балалардың әлеуметтік қолдауын ұйымдастырып, тұрмыс-жағдайын бақылауға алған, зерделеу актілері жинақталған.

Мектеп психологтары, әлеуметтік педагог Д.Арыстан психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның ұсынымдарына сәйкес психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасын құрып, балалармен жеке жұмыс жасауда пән мұғалімдеріне кеңестер беріп, көмек ұйымдастырып отырған. Мектептің әлеуметтік педагогы Д.Арыстан ерекше білім беруді қажет ететін балалардың әлеуметтік қолдауын ұйымдастырып «Мектепке жол- Шекарасыз жақсылық» ұранымен «Мектепке жол» дәстүрлі жалпы республикалық қайырымдылық науқаны жыл бойы өткізіліп, көмектер берілген.

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалардың мектепте білім алуын ұйымдастыруда мектеп әкімшілігі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 12 желтоқсандағы №524 бұйрығымен бекітілген «Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру» әдістемелік ұсынымдарын басшылыққа алған.

Білім беру барысында ұстаздардың барлығы сабақ жоспарларына ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға арнап тапсырма беріледі және тапсырма талданып формативті бағалаулар жүйесі негізінде бағаланады.

2023-2024 жылдар аралығындағы мектептің ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастырудағы атқарған жұмыстары төмендегідей:

Білімге деген сұраныстары ерекше оқушылармен жұмыс істейтін мұғалімдер оқу процесінде жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын қажетіне қарай бейімдеп, сабақты білімге деген сұраныстары ерекше балаларды оқытудың жеке тәсілдерін сабақтарында қолданып отырған. Сабақтарында пән мұғалімдері білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауда өзгермелі жеке әдіс- тәсілдерді қолданып жеке қолдау арқылы бағалап отырады.

Денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру.

Үйден оқытуға балаларды қабылдауда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 223 бұйрығына 3-қосымша "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидасы басшылыққа алынған.

8 «Ә» сынып оқушысы Қарабалаева Аружан Сәбитқызы «Ақтөбе облысының денсаулық басқармасы» ММ-нің ШЖҚ «Мәртөк аудандық ауруханасы» МКК кеңес диагностикалық емханасының дәрігерлік –консультациялық комиссиясының 2024 жылғы 4 сәуірдегі №190 қорытындысына байланысты үйден оқыту ұйымдастырылып, бұйрық шығарылған.

«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығының «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде оқитын білім алушыларға арналған негізгі орта білім берудің жұмыс оқу жоспары» 55-қосымшасына сәйкес жұмыс оқу жоспары құрылып, жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламасымен оқытылған.

«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығының «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде оқитын білім алушыларға арналған негізгі орта білім берудің жұмыс оқу жоспары» 9 тарауына сәйкес жұмыс оқу жоспары құрылып, жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламасымен оқытылған.

Мұғалімдерге оқу жұмыс жоспарына сәйкес 8 «Ә» сыныбында 10 сағат бөлініп жүктеме ретінде берілген.

2024-2025оқу жылында ерекше білім беру қажеттілігі бар 7 білім алушы білім алады:

1. Оразбай Бердібек Темурұлы	1 «А» сынып	ПМПК	№ 383	18.04.2024ж.
2. Тұрар Әли Амангелдіұлы	1 «А» сынып	ПМПК	№ 407	19.04.2024ж.
3. Кикбай Ерали Мерғалиұлы	2 «А» сынып	ПМПК	№ 335	15.07.2024ж.
4. Абдулла Есет Түркменбайұлы	3 «А» сынып	ПМПК	№ 365	17.04.2024ж.
5. Жұмабаев Нұрасыл Ермеқұлы	6 «А» сынып	ПМПК	№ 334	15.04.2024ж.
6. Аманов Әлихан Заманбекұлы	6 «Ә» сынып	ПМПК	№ 337	16.04.2024ж.
7. Бекбусинов Амир Ильдарович	6 «Ә» сынып	ПМПК	№ 26099	03.11.2023ж.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың тізімі мен құжаттары 2024- 2025 оқу жылына жинақталды. 2024-2025 оқу жылында 7 білім алушы мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес оқыту ұйымдастырылуда.

№4 Мәртөк ЖОББ мектебінде әр баланың өзіндік ерекшелігіне қарай қолайлы жағдай қалыптастырылуда. 2024-2025 оқу жылына жұмыс оқу жоспары жасалып, сабақ кестесі әзірленіп, оқу жоспары мен оқу бағдарламалары дайындалуда.

ПМПК қорытындысы негізінде ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға арналған (бейімделген) жеңілдетілген жеке тапсырмалар, күнделікті қысқа мерзімді жоспары дайындалған. Оқу процесін тұлғаның жеке ерекшеліктерін есепке алу негізінде, барлық білім алушылардың білім беру мазмұнын меңгеруін қамтамасыз етілуде.

2024-2025 оқу жылына психологиялық - педагогикалық қолдау бойынша жеке жұмыс жоспары құрылып, диагностикалық, түзету дамыту жұмыстары бойынша жүйеленуде.

№4 Мәртөк ЖОББ мектебінің психологиялық қолдау қызметінің ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға құрылған жұмыс жоспары іске асырылуда. Жоспар негізінде ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың топтағы орнын және топтық қарым-қатынас деңгейі көңіл – күйін, танымдық жаттығулар жүргізілуде. №4 Мәртөк ЖОББ мектебінің психологиялық қолдау қызметінің ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға құрылған жұмыс жоспары іске асырылуда.

Педагог-психологтары Р.Тулепбергенова, Ж.Шоңайова, әлеуметтік педагог Муталив Т. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығымен бекітілген “ Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидалары”- на сәйкес психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасын құрып, балалармен жеке жұмыс жасауда. Мектептің әлеуметтік педагогы Т.Муталив ерекше білім беруді қажет ететін балалардың әлеуметтік қолдауын ұйымдастырып, тұрмыс-жағдайын бақылауға алған, зерделеу актілері жинақталған.

Мектеп психологтары Р.Тулепбергенова, Ж.Шоңайова, әлеуметтік педагог Т.Муталив психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның ұсынымдарына сәйкес психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасын құрып, балалармен жеке жұмыс жасауда пән мұғалімдеріне кеңестер беріп, көмек ұйымдастырып отырған. Мектептің әлеуметтік педагогы Т.Муталив ерекше білім беруді қажет ететін балалардың әлеуметтік қолдауын ұйымдастырып «Мектепке жол-Шекарасыз жақсылық» ұранымен «Мектепке жол» дәстүрлі жалпы республикалық қайырымдылық науқаны жыл бойы өткізіліп көмектер берілген. Ерекше білімді қажет ететін оқушылар ыстық тамақпен қамтылып, қаржылық көмек алған.

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалардың мектепте білім алуын ұйымдастыруда мектеп әкімшілігі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 12 желтоқсандағы №524 бұйрығымен бекітілген «Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру» әдістемелік ұсынымдарын басшылыққа алған.

Білім беру барысында ұстаздардың барлығы сабақ жоспарларына ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға арнап тапсырма беріледі және тапсырма талданып формативті бағалаулар жүйесі негізінде бағаланады.

ҮОЖ-ға сәйкес жүзеге асырылатын вариативті компоненттің таңдау курстары мен факультативтерін іске асыру;

Зерделеу нәтижесі бойынша 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары жалпы білім беретін үлгілік оқу жоспарларына сәйкес вариативті компоненттің оқу жүктемесі нақты сақталғандығы анықталды.

Вариативті компоненттен алынған таңдау курстарының сабақ кестесі бөлек жасалып, бекітілген. Таңдау курстарының оқу бағдарламалары құрылып, пәндік бірлестіктерде талданған, мектеп директорымен бекітілген.

2022-2023 оқу жылында «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2022 ж 09.09. №394 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) енгізілген өзгерістермен толықтырулар негізінде мектеп алды даярлық сыныбы үшін 3-қосымша алынды. ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2022 ж 30.09. №412 бұйрығымен енгізілген өзгертулер) *11-қосымша 1-4 кластар үшін; 13-қосымша 5-9 кластар үшін; 18-19 -қосымша 10-11 кластар үшін* төмендетілген оқу жүктемесімен педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып жұмыс оқу жоспары әзірленіп, ҰОЖ сәйкес вариативтік компоненттің таңдау курстары жүргізілген.

1-2 кластарда: 1«А», 1«Ә», 2«А», 2«Ә», кластарында вариативтік компоненттен, оқушылардың жоғары психикалық функцияларын: ақпаратты қабылдауын, есте сақтауын,

зейінін және ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту мақсатында «Супер жады» курсы және баланың тұлғалық қасиеттерін: ойын. танымдық сезімдерін, ақыл- және шығармашылық қабілеттерін, ойлау әрекеттерін дамытуға арналған **«Қызықты математика» курсы аптасына 1 сағаттан жүргізілген.** *Салауатты өмір салтын ұйымдастыруда ұлттық ойындарды шығармашылық жолмен қолдану мақсатында «Қазақтың ұлттық ойындары» курсы аптасына 1 сағаттан оқытылған.*

3«А», 3«Ә», 4«А», 4«Ә» кластарында вариативтік компоненттен, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, математикалық сауаттылықтарын арттыру үшін «Математика әлемі» аптасына 1 сағаттан, 4«А», 4«Ә» оқушылардың математикаға деген қызығушылығын арттыру арқылы пәндік білімдерін тереңдету, ақыл ойын кеңейту мақсатында «Математика күнделікті өмірде» курсы 1 сағаттан жүргізілген.

Негізгі орта білім берудің (5-6 кластар) оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылым жүйесінің базалық негіздерінің бастапқы білімін меңгеруге, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке тұлға ретінде өзін-өзі бейімдеуіне бағытталған.

7«А», 7«Ә», кластарында білім алушылардың оқушылардың физикалық есептерді шығару барысында танымдық қызығушылығын арттыру мақсатында вариативтік компонент есебінен аптасына 1 сағаттан «Физикадан эксперименттік есептер шешу» курсы жүргізілген. 7«А» класында оқушыларға географиялық білім беру, оларды табиғат ресурстарын үнемі пайдалануға, қоршаған ортаны қорғауға, экологиялық проблемаларды шешуге, сондай-ақ алған білімдерін күнделікті өмірді қолдана білуге үйрету мақсатында «Әлемді тану» курсы, 7«Ә» класында география курсы бойынша оқушыларға географиялық білім беру, сондай-ақ алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету үшін «Қызықты география» курсы, 7«А», 7«Ә», кластарында пәннің мазмұнын сапалы игеруді қамтамасыз ету, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мақсатында «Көпмүшені көбейткіштерге жіктеу» курсы аптасына 1 сағат оқытылған. 8«А», 8 «Ә» кластарында «Ел тарихы» курсы аптасына 1 сағат оқытылған.

8«А», 8 «Ә» кластарында ««Жалпы химия»» аптасына 1 сағат білім алушыларды оқушыларға бейорганикалық химия тарауындағы қосылыстар және бейорганикалық химияның генетикалық байланыстарын түсіндіру мақсатында оқытылған. 8«А» кластарында оқушыларға болашақта бейінде бағытты таңдауына көмектесу, білім-біліктілігін, шығармашылық қабілеттерін шыңдауға мүмкіндік беру мақсатында «Адам-тірі ағза» курсы аптасына 1 сағаттан оқытылған. 8 «Ә» кластарында Оқушылардың физикалық есептерді шығару барысында танымдық қызығушылығын арттыру, зияткерлік және шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында ««Физикадан эксперименттік есептер шешу»» курсы аптасына 1 сағаттан жүргізілген.

9 «А», 9«Ә» кластарында «Қазақ елінің тарихы» аптасына 1 сағат Оқушылар бойына патриоттық-азаматтық құндылықтарды дарыту мақсатында жүргізілген.

9«А», 9«Ә» кластарында оқушының қазақ тілін оқыту процесінде тілдің қоғамдық-әлеуметтік мәнін түсіну мақсатында ««Тіл білімі және оқу сауаттылығы»» аптасына 1 сағаттан жүргізіледі.

9«А», 9«Ә» кластарында экономика және экология курсы бойынша білім деңгейін тереңдету, өздігінен зерттеу жұмыстарын жүргізе білу дағдысын дамыту, қалыптастыру үшін «Экономика және экология» курсы *аптасына 1 сағат* оқытылады.

9«Ә» класында Оқушыларды жан-жақты ізденуге, талаптануға, білімге деген құштарлығын арттыру мақсатында ««Қызықты биология»» *аптасына 1 сағаттан* жүргізіледі. Негізгі орта білім беру деңгейінің (7-9 кластарында оқу пәндерінің қиыстырылуын (комбинациясы) бойынша таңдау сағаттар)

Негізгі орта білім беру деңгейі бойынша білім алушылардың ерте кәсіби бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында оқу пәндерінің қиыстырылуын (комбинациясы) таңдау 7-9 кластардың оқу жоспарының вариативті бөлігін жасауда инвариантты компоненттен таңдау бойынша пәндер комбинациясы басшылыққа алынды. 7«А», 7«Ә», 8«А», 8«Ә», 9«А», 9«Ә» кластарында

Алгебра / География / Физика пәндері *аптасына 1 сағаттан* жүргізіледі. 8 «А», 8 «Ә», 9 «А», 9 «Ә» кластарында үшінші пән ретінде таңдалған «Биология» пәні *аптасына 1 сағаттан* оқытылады.

10«А», 10«Ә», 11«А», 11«Ә» түлектерді нақты мамандануға және олардың болашақ кәсіби қажеттіліктері мен болашақта таңдайтын мамандықтарына байланысты стандартты және тереңдетілген деңгейлердің оқу пәндерін таңдауға бағыттап оқыту үрдісі жоспарланды. Білім алушылардың қажеттіліктерін, сұраныстарын және бейімділіктерін негізге ала отырып, таңдау бөлімінен «Физика-география» *аптасына 3 сағаттан* тереңдету мақсатында, «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері» пәндерін *аптасына 2 сағаттан* жүргізіледі, бұлар міндетті пәндер болып табылады.

Оқушылардың жаратылыстану – математика бағыты бойынша және басым бөлігінің болашақ мамандықтарына дайындау мақсатында және сұраныстары негізінде таңдау пәндерінен білімдерін кеңейту үшін вариативтік компонент бөлігіндегі таңдау пәндері көлемінен «Әлемдік география» курсы адам тіршілігі үшін табиғаттың маңызы, адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынас және оның әлеуметтік жағдайға тәуелділігі жайындағы ұғымдардың негізінде оқушыларға экологиялық білім беру мақсатында 10«А», 10«Ә», 11«А», кластарында *аптасына 1 сағаттан* оқытылады. 10«А», 10«Ә», 11«А» кластарында «Физикадан күрделі есептерді шығару» курсы физиканың мектеп курсына негізгі бөлімдері бойынша берілген тақырыптарға тереңірек, ауқымды түрде есептер шығаруды қарастырып және оқушылардың білімдерін, негізгі физикалық заңдылықтарды, формулаларды қайталауына жол ашу мақсатында *аптасына 1 сағаттан* және механика туралы толық мағлұмат беру, зерттеу арқылы білімдерін тереңдету мақсатында «Механика негіздері» курсы оқытылады.

